“Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы” ММ
“Қостанай облысы педагогтарының ассоциациясы” ҚБ

“Қазақ жазуы: бүгіні мен ертеңі”
ғылыми-теориялық конференциясы

Қостанай 2019

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Қаз-3
Қ 17

Отвественный редактор:
Мендекинова Г. Е. – руководитель ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области»
Редакционная коллегия:
Кадралинова М.Т., доктор филологических наук, профессор кафедры филологии Костанайского филиала ФГБОУ ВО «ЧелГУ»
Морозова Д.А., кандидат педагогических наук, доцент кафедры филологии Костанайского филиала ФГБОУ ВО «ЧелГУ»
Штукина Е.Э., кандидат филологических наук, профессор кафедры филологии Костанайского филиала ФГБОУ ВО «ЧелГУ»
Айткалиева А.С., старший преподаватель кафедры филологии Костанайского филиала ФГБОУ ВО «ЧелГУ»
Бимаганбетов К. А., руководитель отдела планирования, анализа и информационной работы ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области»

Қ 17 “Қазақ жазуы: бүгіні мен ертеңі” [текст]: материалы итоговой научно-теоретической конференции / отв. ред. Г.Е. Мендекинова. – Костанай: ГУ «Управление по развитию языков акимата Костанайской области», ОО «Ассоциация педагогов Костанайской области», Костанайский филиал ФГБОУ ВО «Челябинский государственный университет», 2019. – 82 с.

ISBN 978-601-7586-10-2

В сборник включены материалы докладов участников итоговой научно-теоретической конференции “Қазақ жазуы: бүгіні мен ертеңі” (28 мая 2019 года).

Материалы публикуются в авторской редакции. Отвественность за содержание несут авторы.

УДК 811.512.122
ISBN 978-601-7586-10-2 ББК 81.2 Қаз-3

© Костанайский филиал
Федерального государственного бюджетного
образовательного учреждения высшего образования
«Челябинский государственный университет», 2019

Мендекинова Гүлжан Ермашқызы
Қостанай облысы әкімдігі Тілдерді дамыту басқармасының басшысы

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті конференция қонақтары мен қатысушылары!

Елбасы қазақ тілін латын графикасына көшіруді табандылықпен жүргізіп келеді. Латынға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондайақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процессінің ерекшеліктеріне байланысты.

Латын әрпіне көшу идеясын Алаш арыстары өз заманында көтергені баршамызға мәлім. Қазақстан тарихында латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929-1940 жылдары қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

Тәуелсіздік алған тұста латынға оралу мәселесі қайтадан көтеріле бастады. Латын әліпбиіне көшу мәселесі 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында көтерілген болса, 2012 жылғы желтоқсан айындағы “Қазақстан-2050” Стратегиясында Елбасы “Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек” – деп нақты мерзімді жария етті.

Елімізде тіл саласында осы бағытта ауқымды шаралар қолға алынды.
Биыл елімізді жан-жақты жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына 2 жыл толды.

Екі жыл ішінде “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында қазақ тілін реформалау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруді жалпыұлттық талқылау жоспарына сәйкес республика бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары қатысуда. Бүгінгі күні Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен жаңа әліпбиі негізіндегі жаңа емле ережелерін мақұлдады.

Қостанай облысында қазақ тілін латынға көшірудің өңірлік іс-шаралар жоспары бекітіліп жүйелі жұмыстар іске асырылып келеді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп,

біздің де үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз», — деген ашық ұстанымын басшылыққа алып аянбай жұмыс істеуіміз керек.

Осы айтылған келелі міндеттер мен мақсаттарды сапалы әрі нәтижелі орындау арқылы біз барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілі - ана тілімізді жаңа белеске көтеретін боламыз.

Сіздердіңғылыми ізденістеріңіз бен қызметтеріңіз шабытты және табысты болсын! Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

LATYN GRAFIKASY – ELIMIZDIŃDAMÝY MEN BOLASHAǴY

Aıatov A.S.
Pedagogıka ǵylymdarynyń magıstri
Osıpova E.H.
Bıologıa mamandyǵynyń 2 kyrs stýdenti
Y. Altynsarın atyndaǵy Arqalyq memlekettik pedagogıkalyq ınstıtýty
Qazaqstan, Arqalyq

Sóz joq, búgingi tańda latyn álipbıine kóshý - álemdik órkenıetke ilesý, kóshten qalmaý degen sóz. Latyn grafýkasyna kóshý zaman talaby. Búginde latyn álipbıi boýynsha túrly jumystar júrgizilip, halyqqa tyń derekter berilip keledi. Áıtse de latyn grafýkasyna qatysty kóńilimdegi jaýabyn tappaǵan oılardyń biri onyń tarýhyna baýlanysty. Biz túrki halqy túrli tańbany qoldanyp keldik. Búgingi kúni qazaq tili men álipbıi týraly sóz bolǵanda jıyrmasynshy ǵasyrdaǵy latyn grafýkasyn qoldanǵanymyz aıtylady. Al bizdiń ulttyq jádigerimiz «Kodeks Kýmanıkýs» latynnyń gotıkalyq kóne qarpimen jazylǵan. Osy baǵytta qarasaq «Túrki halqy latyn álipbıin ejelden qoldanǵan ba?» degen suraq týyndaıdy. «Modern», «modernızasıa» degenimiz adamzat órkenıetindegi maǵynaly ózgerister, básekege qabilettilik, rýhanı jańǵyrýdy bildiredi desek, latyn álipbıi halyqtyń rýhanıatynda qalyptasqan dástúrshildik pen jańashyldyqtyń birligi negizinde ulttyq sóıleý mádenıetimizdiń damýy degendi bildiredi. Búginde qubylmaly jahandaný saltanat quryp turǵan kezeńde tilimizdegi bul álemmen qabyspaýtyn, ózindik dybystalýyna keri áser etetin sózderden arylý, tildiń tabıǵı bolmysyn tanytatyn zańdylyqtardy jańǵyrtýǵa jol ashary anyq[1. 3-4 бет].

Elimizde latyn álipbıine kóshý týraly sóz qozǵalǵannan beri qanshama ǵalymdar, til mamandary, jurtshylyq arasynda pikirtalastar týdy, sonyń nátıjesinde latyn tańbasyna aýysýdyń tómendegi múmkindikteri anyqtaldy:

- ✓ Úsh tildilik saýasaty bar qazirgi urpaqty halyqaralyq tildiń álipbıine uqsas grafýkaǵa kóshirý ózge tilden engen sózderdi aralastyryp sóýleýden saqtaıdy;
- ✓ Qazaqy dybystaýǵa, ýaǵnı, tilimizdiń ulttyq boıaýyn saqtap aýtýǵa múmkindik týady;
- ✓ Ana tilimiz jańǵyrǵan aqparattyq tehnologıa tiline aınalady. Óıtkeni qazirgi qoǵamdaǵy termınder, túrli mamandyqqa qatysty ádebıetter, matematýkalyq formýlalar, tipti, dári-dármek ataýlary da latyn álipbıimen baılanysty bolyp otyr;
- ✓ Tilimiz ben ádebıetimiz, bir sózben aýtqanda, ulttyq rýhymyz boıymyzda máńgi qalady.

Bul máseleni «Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý» taqyrybymen berilgen maqalalyq baǵdarlamasynda Elbasy Nursultan Nazarbaev: «Latynǵa kóshýdiń tereń logıkasy bar. Bul qazirgi zamanǵy aqparattyq tehnologıalyq ortanyń, ǵasyrdaǵy ǵylymı jáne bilim berý erekshelikterine baılanysty»,- dep jazdy.Eń bastysy, shette júrgen qandastarymyzben qarym-qatynas jasaý tıimdiligi artady; Demograftar shettegi qazaqtardyń sany 4,5 mıllıonnyń aınalasynda degen pikirde. Ol qazaqtardyń

qazaqstandyq qoǵammen aqparattyq jumys júrgizýi úshin ortaq álipbı qajet. Kúlli álemmen baılanysty jeńildetedi, demek qazaq tiliniń memlekettik til retinde mártebesi kóteriletindigi belgili.

Qazirgi tańda jańa álipbıge kóshý baǵytynda Qazaqstan Prezıdenti tıisti Jarlyqqa qol qoıyp, mektepterdi latyn álipbıine kezeń-kezeńmen kóshirý kestesi de jarıalanyp otyr. Árıne, bul qazaq tiliniń bolashaǵy úshin jasalǵan qadam ekeni belgili. Elimizdegi gazet-jýrnal, mekeme ataýlary da latyn tańbasyna kóshirildi. Jarnamalardyń ózi latyn álipbıimen kórsetile bastady. Aǵylshyn tilin oqyp jatqan oqýshylarymyzǵa ondaı jarnamalardy oqý, latyn tańbasymen teripjazý da qıyndyq týdyrmasy ras.Sondyqtan baıandamamda latyn álipbıi, quramyna engen áripter, onyńdybystalýyn qarastyrmaı, sabaqqa qoıylar jańa talap týraly bolmaq. Olqazaq tilin zamanyna laıyq etip oqytý, tilimizdiń qýatyn oqýshyǵa sezindirý.Sebebi, qazirgi jastardyń óz tilinde bilim alýy jetekshi faktor bolyp otyr.Endeshe qazirgi tańda pán muǵalimderiniń aldynda ana tilimizdińqoldanys aıasyn odan ári keńeıte túsýge múmkindik jasaıtyn sabaqqaqoıylatyn jańa talapty anyqtap, qyr-syryn tolyq zerdeleý mindeti turdegen sóz. Iaǵný, tilimizdi jańǵyrtýdyń negizgi qaınaryna ınovasıalyq jánebilimniń jańa úlgisine laıyq ádis-tásilderdi qoldaný da jatady dep oılaımyn[2. 1-2 бет].

Demek, tilimizdegi álipbıdi reformalaýdy (qaıta qaraý) sátti júzege asyrýúshin pedagogýkalyq úrdistiń nátıjesin jaqsartýǵa umtylý kerek. Mysaly, mektep baǵdarlamasy boıynsha 8 - synypta «Latyngrafýkasyna negizdelgen qazaq jazýy» taqyrybyndaǵy mátinnen oqýshylarlatynǵa kóshý máselesi 1920 jyldan kún tártibine qoıylǵandyǵyn oqyp biledi,sońynan «latynshyldar», «arabshyldar», «kırıllısıany jaqtaýshylar» bolypúsh topqa bólinip, pikirtalas uıymdastyrý tapsyrmasy berilgen. Buloqýshylardyń ana tilimizdiń ereksheligin saqtap qalatyn latyn álipbıi ekenin túsinýge jasalǵan birden-bir qadam dep túsinemin. Ári olar pikirtalasuıymdastyrýǵa daıyn dep oılaýmyn. Olaý deýtinim, sebebi:

- ✓ oqýshylar usynylǵan mátindegi astarly oıdy aıyra alady;
- ✓ qazaq álipbıiniń tarıhı kezeńderin, ulttyq álipbı deńgeıine jetý jolyn;
- ✓ V-VII ǵasyrlarda ata-babalarymyz ǵylymda Orhon-Enýseı jazýy degen atpen belgili kóne túrki rýna jazýyn paýdalanǵanyn;
- ✓ grafýka (graphike) men alfavıt arasyndaǵy baılanysty;
- ✓ jańa álipbıge kóshý máselesi boıynsha jumys jasalyp jatqanyn biledi.

Demek, pikirtalastyrýshylardyń aıtar oılary, dáleldi pikirleri bar.Tapsyrmany oryndaýdaǵy basymdyq: mátinge negizdelgenkommýnýkatýıvtik áreket arqyly kóterilgen máseleni oqýshylardyń ómirliktájirıbemen baılanysty kózqarasyn bildirýge múmkindik berýge qurylǵan.Olaı bolsa, oqýshylardyń nazar aýdarýdy qajet etetin máselege kóńilbólgenine kóz jetkizý qajet. Mysaly, «latynshyldar» kırıllısıadan tilimizdegi sózderdiń aıtylýyna ózgeris engizbeı kóshýge bolatyndyǵyna qalaıkóz jetkizýge bolady, qandaı dálelder keltire alamyn, qalaıbaıandasambolady... Osy tusta bilim alýshylarǵa «Kúltegin» jyry jáne «Kóne túrkieskertkishteriniń zerttelýi» taqyryptaryna nusqaý bergen durys. Iaǵnı,balanyń aldynda meńgergen bilimine negizdeý. Óıtkeni olar latyntańbalarynyń kóne túrkilik rýnalarmen uqsastyǵy bar ekendigin qarastyrǵan. Bizdiń mindetimiz-oqýshynyń óz oıyn jetkizýde tildik

birlikterdi durysqoldanýǵa, dybys úndestigine saı sózderdi aıta bilýge, berilgen taqyrypaıasynda erkin sóıleýge úıretý.

Júsipbek Aımaytov pikirine súıensem, «áıeli tájirıbege talpynyp, nársemen tanysyp, sonan keıın sol nárse týralysóılesin, tyńdasyn, jazsyn, oqysyn, tilge úırensin» sonda oqýshy tildińqýatyn sezinedi.

Aıtylǵan oýlarymdy jınaqtaı kele, oqýshyny Tulǵa retinde qaraýkezeńinde qazaq tili bolashaqtyń tutqasy ekenin túsingeni durys. Oqýshyaldymen óz ana tilin, tarıhyn barynsha sezip almaı, ózge pándi meńgerealmaıdy. Al álipbı men jazý máselesi bir-birimen tyǵyz baılanysta, ol – mádenıetti jalǵastyrýshy qundylyqtyń biri. Latyn grafıkasyna kóshý arqyly biz halqymyzdyń jazba murasyn bar álemge pash ete alamyz. Demek,latyn álipbıine kóshý tilimizdi jańǵyrtýǵa jasalǵan tarıhı qadam bolyp tabylady[3. 7-9 бет].

Latyn grafıkasy qazirgi álemde eń keńinen qoldanylatyn júıe bolyptabylady. Qazaq jazýynyń latyn grafıkasy negizindegi álipbıge kóshýi,

- ✓ birinshiden, ulttyń rýhanı jańǵyrýyna jaǵdaı jasaıdy: qazaq tiliniń ózindik ulttyq erekshelikterin saqtaýǵa, tildiń ımmýndyq tetikterin jańǵyrtýǵa, qaıta iske qosýǵa;
- ✓ ekinshiden, qazaq tiliniń álemdik aqparattyq keńistikke tıimditúrde enýiniń alǵysharttaryn qalyptastyrsa;
- ✓ úshinshiden, Qazaqstandaaqparattyq jáne kommýnýkasıalyq tehnologıalardyń keńinen taralýynamúmkindik jasaıdy. Bárimizge uıaly telefon arqyly keletin habarlamalardyń latyn grafıkasymenjiberilýi, ulttyq arnalardyń latyn qarpimen bezendirilýi t.b. dálelder onyńhalyqtyń sanasyna aqyryndap sińdirilip jatqanyn kórsetedi.

Qoryta aıtqanda latyn tiline kóshýdegi bizdiń utatyn nárselerimiz ushan- teńiz. Kezinde jazý emlesinde jiberilgen qatelikterditúzetemiz jáne qazaq tiliúshin tán emes basy artyq dybystarmen tańbalardan arylamyz. Ǵalamtorbetinde ózimizge qajetti saıttardy óz tańbalarymyzben ashý múmkindigine ıebolamyz. Ǵalamtor, halyqaralyq poshta, basqa da álemdik qarym-qatynasquraldaryn qoldaný meılinshe jeńildeıdi. Túbi bir túrki aǵaıyndarmenbaılanysymyz buryńǵydan da arta túsedi. Eń bastysy olarmen rýhanı, mádenı, ǵylymı, ekonomıkalyq qarym-qatynasty, tyǵyz baılanysymyzdykúsheıtýimiz kerek dep, bilemin. Bul máselede halyq bolyp, «bir jaǵadan bas, bir jeńnen qolshyǵaryp» jańashyldyqqa qoldaý kórsetýimiz qajet. Bul bizdiń ashyq álemnińbir bóligi bolýǵa talpynýymyz. Latyn álipbıine kóshý - ultymyzdyń sanasynbuǵaýdan bosatyp, túrki jáne jahandyq álemmen yqpaldasyp, ulttyqsanamyzdyń qaıta jańǵyrýyna jol ashý bolyp tabylady[4. 8-10бет].

Paıdalanylǵan ádebıetter tizimi:

1. N.Á.Nazarbaev «Qazaqstan-2050» Strategıasy qalyptasqan memlekettińjańa saıası baǵyty. Qazaqstan halqyna Joldaýy / 14 jeltoqsan 2012 j.

2. Qazaq álipbıi /http://kk.wikipedia

3. Aqıqat. 2011jyl, №5. «Qazaq tilin bilý - ánsheýin bir uran emes», N.Á.Nazarbaevtyń Qazaqstan halqy asambleıasynyń HÚII sesıasynda sóılegen sózi.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ИГІ ҚАДАМДАР

Айтмагамбетова Д.К.
Қамысты ауданы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» КММ
қазақ тілі мұғалімі

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің кестесін жасап, алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі керектігін қадап айтты...

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Түркітектес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», - деген болатын. Бұл – ХХ ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын. Қазір адамзат баласы ХХI ғасырға аяқ басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ...

Осыдан келіп туындайтын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не себепті 900 жыл бойы пайдаланған арабтың жазуын

емес, латын қарпін таңдаймыз?». Бұған жауап – әлемнің жаһандану үдерісіне ұмтылуында.Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды, жаңа технологиямен және де сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Еліміздің жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы,қоғамды компьютерлендіру, ғаламторды пайдалану, еуропалық сапаға ұмтылуы – осының барлығы біздің қоғамды «латын қарпінің құшағына» еріксіз әрі біртіндеп тартып келеді.

ҚР Елбасы Нұрсултан Назарбаев Астана қаласында қазақтардың Бүкіләлемдік V құрылтайында сөйлеген сөзінде ««Қазақ тілін латын қарпіне көшіру - бұл біздің рухани бірлікті қамтамасыз ету, жаһандық ғылым мен білім беру жүйесіне ықпалдасу қадамы» - деп атап өтті. Жайылма орта мектебінде қазақ тілін латын қарпіне көшіруді насихаттауға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Осыған орай, бекітілген жоспар аясында 2018-2019 оқу жылының аралығында 1-9 сынып оқушылар мен мектеп қызметкерлердің ішінде келесі іс-шаралар өтті:

- ✓ 2018ж қыркүйек айында «Мен оқимын...» байқау-ойыны өткілілдізді – жауапты кітапханашы – Дубовская И.В. Өткізілетін іс-шараның мақсаты - қазақ тілін кирилицадан латын қарпіне көшіруді түсіндіру және латын тілінде жазу дағдыларына үйрету.Балалар қазақ тілі графикасының тарихы, қазақ тілі әліпбиіндегі болашақ өзгерістер туралы біледі.Оқушылар сөздерді латын графикасында жазуды үйренді. Кітапхана тарапынан өткізілетін ойын нысанындағы іс-шаралар балалардың жаңа әліпбиге оңай бейімделуіне мүмкіндік береді;
- ✓ 2018ж қараша айында «Латын әліпбиіне көшу — заман талабы» 8-9 сыныптар арасында пікірталас өтті (сыныптан тыс іс-шара) – жауапты тарих мұғалімі – Утегенов Н.К. Мақсаты: "Рухани жаңғыруды" сипаттау, патриоттық сананы қалыптастыру. Таяу жылдарда атқарылатын қызметтер жайлы мәлімет беру. Латын әліпбиін меңгеруге шақыру. Рухани жаңғыру, латын әліпбиіне көшу – табысты ел болуымыздың кепілі екенін ұғындыру. Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақтың санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру;
- ✓ 2018ж желтоқсан айында мектеп әкімшілігің басшылығымен ата-аналар жиналысы өтті. Әкімшілік ата-аналарға латын әліпбиі туралы олардың не білетіні, латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақстан қандай мүмкіндіктерге ие болатыны туралы түсіндірді. Латын әліпбиі әлемдегі жетекші орынға ие, өйткені оны планетаның 4 миллиардтан астам тұрғыны пайдаланады. Қазақ тілі латын әліпбиіне көшу барысында Интернетте көрініс табу мүмкіндігіне ие болып, үйрену үшін қолжетімді болады және біздің азаматтарымызға шет тілдерін меңгеруге көмектеседі. Ал ең бастысы, Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа жылдам ықпалдасуға қабілетті болады;
- ✓ 2019ж қаңтар айында «Білгім келеді» деген 1-4 сыныптар арасында іс-шара өтті. Шара барысында балаларға қазақ әліпбиінің латын қарпіне көшіру ерекшеліктерімен таныстырылды. Балаларға ойын түрінде қазақ тілінің латын әліпбиіндегі көрінісі көрсетілді.Оқушыларға түрлі ойындар ойнатылып, балалар берілген сөздерді және өз аттарын жаңа әліпбимен жазып көрді.

Жасырылған жұмбақ жауаптарын латын әліпбиімен жазған балалар жаңа әліпбиді тез үйреніп кететіндерін аңғартты – жауапты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі – Айтмагамбетова Д.К;

✓ Әр ай сайын 1-9 сынып оқушылары мен мектеп қызметкерлеріне «Болашақ және латын әліпбиі» атты әңгіме, «Латын әліпбиі - өзекті мәселе», «Жаңа әліпбидегі ерекшелікер» атты таныстыру сағаты өткізіледі;

✓ 2019ж ақпан айында орта буын оқушыларына (5-9сынып) «Мен үйренемін...» сайыс-сабағы өткізілді. Оқушыларға түрлі ойындар ойнатылып, балалар берілген сөйлемдерді және өз аттарын үш тілде (қазақ тілінің нұсқасын жаңа әліпбимен) жазып көрді – жауапты қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі – Айтмагамбетова Д.К.;

✓ Қазақ тілі сабақтарында 1-9 сынып оқушылары күн мен айды, сынып жұмысы мен тақырыпты жаңа әліпбимен жызып отырады. Мысалы:

Sáýirdiń on altysy

Synyp jumysy

Abaı Qunanbaev

✓ 2018-2019 оқу жылында 9 сынып оқушылар мен мектеп қызметкерлердің арасында екі рет Жалпыхалықтық диктант өткізілді. Бұл диктантты өткізудің басты мақсаты – 15 жастан асқан ересек азаматтардың осы әліпбидің бекітілген нұсқасымен танысып, жазып көріп, көз-қол дағдысын қалыптастыру болды. Диктантқа қатысқан азаматтардан жақсы леп байқалды.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиіне кіру- әлемдік ғылыми, тілдік кеңістікке кіру үшін қажет. Бұл басқасын айтпағанда, түркі халықтарына ортақ әріп. Біз, әлемдік ғылым мен технологияны, экономиканы игеру үшін ағылшын тілін үйреніп келеміз. Латын әліппесі сол тілді игеруге негіз, тиімді алғышарт болары сөзсіз. Халықаралық терминологияны алыңыз, немесе медицина мен басқа ғылымдар тілі көбінесе латынша жазылады. Менің пікірімше, ынтасы бар адамға бұл әріпті үйренудің еш қиындығы жоқ, соның ішінде жоғары білімді немесе шет тілін білетін адамдарға. Алысқа бармай - ақ қоялық, қазір адамдар әлеуметтік желілерде отырады, сонда отырып - ақ, өзара латынша жазуды үйрене берсе де болады. Себебі, ғаламтор әлемінде көбісінің аты - жөндері латынша болып келеді және электрондық пошталары да солай жазылады. Мектеп оқушылары латын графикасына негізделген ағылшын әліпбиімен таныс. Сондықтан оларға жеңіл болып тұр.

Сондықтан, латын әліпбиіне көшу-ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады,түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға,қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып,ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады деп сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. www.vkgu.kz – мақала «Латын әліпбиіне көшу – рухани жаңғыру талабы» Б.Б.Келгембаева;
2. www.egemen.kz – Н. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»;
3. Байтұрсынов А. «Тілтағылымы» – Алматы, 1992.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ САҚТАП ҚАЛУ ЖӘНЕ КЕЛЕР ҰРПАҚҚА ДӘРІПТЕУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Арыстан Н.Н.
Қостанай педагогикалық колледжі Филология кафедрасы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Қазақстан Республикасы әлем аренасында өзінің егемендігін алып, ел болып қалыптасқанына үстіміздегі жылы 28 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында еліміздің саяси-әлеуметтік жағдайы жақсарып, көптеген белестерді бағындыра білдік. Еліміз осы уақыт аралығында 130-дан астам ұлт пен ұлысты басын біріктіріп бейбіт өмір сүруде. Әрбір ұлттың өзіндік құндылықтары, дәстүрі мен тілі сақталуы үшін 1995 жылдың 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.[1] Осы уақытқа дейін өзге ұлттардың тілі мен ұлттық құндылықтарын сақтап келеміз. Өз тіліміздің деңгейі қандай?

Жаһанданған XXI ғасырда тек Қазақстаннан өзге ҚХР,Үндістан, Ресей, Канада, Оңтүстік Африка елдері де көп ұлтты мемлекет болып табылады. Бірақ осы мемлекеттердің ішінде тек Қазақстан ғана өзінің мемлекеттік тілі мен қатар екінші билік тілі, ресми іс-қағаздар тілі, ұлттар арасындағы қарым-қатынас тілі деп орыс тілін енгізіп отыр. Жоғарыда аталған мемлекеттер арасында Қытайда 60-тай ұлт, Ресейде 180- нен астам ұлт бар. Сондай-ақ дүниежүзіндегі ең көп ұлтты мемлекеттердің бірі АҚШ. Тек бір Нью-Йорктің өзінде 177 ұлттың өкілдері тұрады. Осындай фактторді көріп отырып осы мемлекеттер де халық арасында қарым-қатынас орнату тілі деген статусқа ие тіл бар ма деген сұрақ пайда болады? Жоқ, мемлекеттік негізін құраушы ұлттың тілі мемлекеттік тіл деп танылған және сол тілде ғана жұмыс жасайды.

Тәуелсіздік алған жылдан бастап қазақ тілінің мәртебесі деп дабыл қағып келудеміз тіпті заң қабылдадық. Осы уақытқа дейінгі жасалып жатқан жұмыстардың ешқайсысы өзінің әлі күнге дейін айтарлықтай нәтижесін бергені жоқ. Ендеше бұл проблеманы шешудің дұрыс механизмін әлі де толықтырулар мен түзетулерді талап етеді дегенді білдіреді.

Алдымен бұл мәселенің ең әуелі шығу себептеріне тоқталатын болсақ.

1. Қазақстан Республикасының бастапқысында патшалы Ресейдің кейіннен КСРО құрамында отар мемлекет болды. Алайда Кеңес Одағына мүше болған елдердің барлығы дерлік Қазақстанмен қатар тәуелсіздік алып, ұлттық тілін мемлекет ішіндегі беделін арттырып үлгерді.

2. Республика көлемінде толық қанды негізгі орта білім қазақ тілінде берілмеуі. 2010-2011 оқу жылында жұмыс істеп тұрған 7646 күндізгі жалпы білім беретін мектептің (арнайы коррекциялық мектептер мен жоғары оқу орындарындағы мектептерді қоспағанда) 3828 - қазақ, 1573 - орыс, 58 - өзбек, 14 - ұйғыр, 2 - тәжік, 7 ағылшын тілінде білім беретін мектептер. Бұдан бөлек, 2164 мектепте оқу екі және одан да көп тілдерде жүргізіледі»[2] Сондай ақ осы өзге ұлт өкілдеріне арналған мектептеріндегі барлығы дерлік өзге ұлт өкілдері емес, қазақ балалары да бар екенін ескеретін болсақ қазақ тілінің деңгейі

көрсеткішпен көрсетуге жетпейтіндігін ашық айтуға мәжбүр боламыз. Өзге ұлт мектептеріндегі қазақ тілінің мәртебесі жайында қазақ тілі әдістеме бірлестігінің жетекшісі Аманғайша Аязбаева: «ҰБТ кезінде орыс мектебін тәмамдаған түлектер орыс тілі, тарих, математика және физика, география сияқты өзі түспек мамандығына сай пәнді таңдайды. Бұлардың қатарына «қазақ тілі» де кіреді. Алайда, «резервтік» пән деп есептеліп, ҰБТ кезінде оқушының осы пәннен жинаған ұпайлары есептелмейді. Сайып келгенде қазақ тілі санда бар, санатта жоқ. Міне, осыны өзгерту керек. Қазақ тілі «қосалқы» пән деген атаудан арылса, яғни ҰБТ-дағы негізгі пәндердің қатарына қосылып, басқалармен бірдей сұралса, оқушылар да мемлекеттік тілге жүрдім-бардым қарамайтын болар еді» деп билік тарапынан білім беру саласына әлі де өзгерістер керектігін атап көрсетеді.[3]

3. БАҚ, технологиялардың республика аумағында мемлекеттік тілде қызмет көрсете алмауы. 2010 жылдың бірінші жартыжылдығындағы есеп бойынша, республикада 2697 БАҚ әрекет етеді. Қазақтілді БАҚ үлесі қолданыстағы БАҚ жалпы санының 19,1%-ын құрайды, орыстілді – 33,4%, бұқаралық ақпараттық құралдары қазақ және орыс тілдерінде 35% (таратылады) басылады, 12,5% – қазақ, орыс және басқа да тілдерде.[4] Олар еліміздегі қоғамдық сананың қалыптасуына, халықтың рухани сұраныстарымен қажеттіліктерін қанағаттандырып, демократиялық азат журналистиканың негіз қалануына қызмет атқарып келеді. Қазақ елі үшін БАҚ жүйесі қоғам өмірінің дамуын, саяси ойдың деңгейін анықтайтындай жүйеге жеткен.

4. Мәліметтердің қазақ тілінде қолжетімсіздігі. Елімізде соңғы уақыттарда әлемдік ақпарттар соғысының құрбаны болудан шығу мақсатында ел жастарына ағылшын, қытай және тағы басқа шет тілдерді үйренуіне ықпал етуде. Бұның басты себебі өткен жылдарда біз көптеген деректерді орыс тілінен алатынбыз, соның арқасында тек Ресей үкіметіне қажетті материалдармен танысып, келер ұрпаққа дәріптейтін едік. Көп жағдайда «Еліміз Кеңес Үкіметін көрген, орысшасы жақсы» деп қазақ тіліне аударып та отырмайтын ел билігі мен ғылым саласы мемлекеттік тіл туралы заңның бар екенін білсе де, орыс тілінің ел аумағындағы қолданысын ескере отырып өз жұмыстарын қазақ тіліне аударудан бас тартатыны осыдан.

5. Мектеп бағдарламасындағы «үштілділік» саясатынын жүргізу барысында қазақ тілінің сағаттарының азаюы. Тіл үйрету барысында балалардың жас ерекшелігінің ескерілмеуі осы және өзгеде мәселенің әлі де шешімін таппай жатқандығы рас. Ал ҚР білім және ғылым министрі К. Шәмшидинова "Ең бірінші мәселе – қазақ тілін оқыту. Екінші орыс тілі, ағылшын тілі. Тілдерді оқыту деңгейге байланысты төрт дағдыны дамытуға бағытталады. Яғни, ол тыңдау, айту, сөйлеу және жазу. Сондықтан балаларға ағылшын тілінде сабақ беру тек 10 және 11 сыныпта, баланың тілдік қабілеті жеткілікті болған жағдайда және мектеп дайын болғанда мектептің шешімімен жүретін болады" деп алдағы уақытта олқылықтардың орны толтырылады деген уәде беруде.[5]

6. Тілдерді дамыту орталықтарының дұрыс біріңғай бағытының қалыптаспауы және қаражаттың жетіспеушілігі. **Тілдерді дамыту мен**

қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 2014 жылы Қостанай облысында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру үшін аймақ бойынша 164 млн.теңге (облыстық бюджеттен 38,4млн.теңге, аудан және қала бюджетінен 125,5 млн.теңге) бөлінді. 2013 жылмен салыстырғанда 15.2 млн.теңгеге ұлғайып отыр. Алайда осы бөлінген қаражат пен бағдарламаның жүзеге асу барысы өзінің нәтижесін толыққанды көрсете алмай отыр.[6] Осындай мәселелердің туындауы әсерінен бүгінгі республика аумағында қазақ тілінің мәртебесі көтерілмей, болашағы бұлыңғырлана бастады. Өйткені біздің ғана елімізде өзінің ана тілін білмейтін қазақстандықтар бар. Осы және өзгеде қазақ тілінің мәртебесін көтеруге кедергі келтіретін мәселелерді шешу үшін келесідей батыл қадамдарға баруымыз керек.

Ең әуелі балабақшаларды (мемлекеттік және жеке меншік) толық қазақ тіліне аударуымыз қажет. 2015 жылы И.Тасмағамбетов өз сөзінде: «Егемендігімізге, Тәуелсіздігімізге 25 жыл толды. Қазір барлық жерде балабақшалар салынып жатыр. Неге соны қазақ тілінде ашпаймыз» деген ұсыныс айтып Астана қаласындағы көптеген балабақшаларды қазақ тіліне аударған болатын. Өзге ұлттардың ешқайсысы қарсылық танытқан жоқ.

Екіншіден, мектеп бағдарламасындағы шет тілдердің сабақ саны(ағылшын, орыс тілдері) мемлекеттік тіл сабақтарының санынан жоғары болмауы тиіс. Себебі қазақстандық әрбір бала осы елдің ертеңі олардың бойына отансүйгіштікті дарытып ұлтжанды етіп тәрбиелеу үшін осы мемлекеттің тілін жетік білмесе нәтиже көрмейтініміз анық.

Үшіншіден ел аумағындағы барлық бұқаралық ақпарат құралдары қазақ тіліне біртіндеп ауысуы керек. Тіпті кино фильмдерді, мультфильмдерді өз арналарынан көрсету үшін қазақ тіліне аудару керек. Сонымен қатар әлеуметтік желілердің қазақ тілінде жұмыс жасауына бақылау орнату қажет.

Төртіншіден ел аумағынан шет елдерден келетін тауарлар мен өзгеде заттардың құрамын қазақ тілінде көрсету. Сонымен қатар дүниежүзі жаңалықтарын тарату барысында қазақ тілінде жеткізуді міндеттеуіміз қажет. Бесіншіден тілдерді дамыту орталығына ортақ қазақ тілін дамытуға арналған бір ғана жоба ұсыну және сол жоба бойынша толы қаржыландыруымыз қажет.

Жоғарыда көрсетілген шешу жолдарды арқылы ел ішіндегі мемлекеттік тіл мен қазақ халқының салт-дәстүрі мен дүниетанымын таныстыра аламыз.

Қазақстан Республикасы 2025 жылға дейін латын негізді қазақ графикасына ауысуды жоспарлап отыр. Біз өзге ұлттарға осы уақытқа дейін қазақ тілінің маңыздылығын түсіндіріп, үйренуіне жағдай жасай алмадық. Енді жаңа жазбаға көшу барысында өз тіліміздің мәртебесіне байланысты осы күнге дейінгі мәселелерді дұрыс жағынан шеше аламыз деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақстан халқы ассамблеясы: өткені мен бүгіні. Алтынбек Құмырзақұлы.Qazaqstan tarihy порталы.

2. Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептар саны 2010/2011 оқу жылында 0,7% қысқарды – статагенттік. Абай.кз. ақпартаттық парталы 21.01.2011

3. Білім және ғылым министрлігінің дұрыс емес шешімі кімге, қандай пайда алып келеді?. Дінмұхамед Аязбеков

4. БАҚ және қазақ тілі. Гауһар Кеңесханқызы. El.kz, 2014ж.

5. Шәмшидинова: ең бірінші мәселе – қазақ тілін оқыту. Мақпал Сембай №39 Тіршілік тынысы.

6. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 2014 жылы қостанай облысында орындалуы туралы ақпарат.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ЕРТЕҢІ

Базарбай М. М.
Қостанай гуманитарлық колледжі

Бүгінгі таңның дәйекті бағытының бірі – латын әлібиі. Ұлт көшбасшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында болашаққа сенімді қарауға мүмкіндік берген бірегей мәселе – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіруді басты міндет ретінде белгіледі. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастап қолға алу қажет екенің айтты. Осы орайда өз айта кеткім келіп отыр. Бұл мәселе осыдан 5 жыл бұрын көтерілген еді. Содан бері санамызда «ерте ме, кеш пе, еліміз латын әліпбиіне көшеді, соған дайындала беруіміз керек» деген салмақты ой салсақталып келді. Бұл жазу – еліміз бен егемендігімізді айқындайтын, хлықтың сауаттығын танытатын көрсеткіш деп білемін. Латын әліпбиі бұрын тарихымызда он жылдай увқыт салтанат құрған. Сол кезде біз көптеген елге, жерге танылдық. Ал қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңдебіз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз. Себебі, латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазлардың бірі саналады.

«Латын қаріпіне көшу қазақ тілін дамыту мен оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару тегі ретінде», «Латын әліпбиін балабақша қабырғасында оқу үрдісінен енгізу жолдары», «Бала тілінің артикуляциялық аппаратын қалыптасу үрдісіндегі латын әліпбиінің рөлі», «Латын әліпбиін оқыту әдістемесі бойынша балабақша тәрбиешілерінің біліктіліктерін арттыру», жаңартылған білім мазмұнына сәйкес, «Әліппені» латын әліпбиімен оқыту үрдісінде маңызы зор болмақ.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: «рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің

Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. [1]

Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Біздің қазіргі кирилл әліпбиіндегі қазақ тіліміз - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Сонымен қатар қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, қырым, құмық, татар тілдеріне жақын. Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. 1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп жасалған, араб графикасына негізделген «төте жазу» пайдаланылған. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында - кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады. Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Латын әліпбиі әлемде кеңінен қолданылады. Латын әліпбиі б.з.б.

VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын әліпбиі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. [2]

Қазіргі латын әліпбиінде 25 әріп бар. Дауысты дыбыстар е әрпі созылыңқы және қысқа айтылуына байланысты . Түркияның ғалымы Әбдіуақап Қара өзінің «Латын әліпби қазақ тілін еркіндікке шығарады» атты мақаласында Түркия халқы латынға 1928 жылы өткенімен онда бар-жоғы 29 әріп бар. Олардан бірқатар дауыстылар ескерілмегенін бүгінгі ғалымдар айтып отыр. Негізі түркі тілдерін 34 таңбамен белгілеуге болады. Бүгін түрік латын әліпбиінде 5 әріп кем болып отырғанын айтады. Тіл ғалымдары, солардың ішінде ең ұтымды алфавиттің Қазақстан қолданған кирилл әліпбиі екенін айтуда. Мәселен, түрік ғалымы Хатиже Ширин Ұсер қазақ-кирилл әліпбиі өзге түркі-кирилл алфавитіне қарағанда, таңбаның графикалық және фонетикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты болуы және бір дыбысқа бірден көп таңба берудің болмауына байланысты мұқият дайындалғанын айтады. Бұл тұрғыда қазақ-кирилл әліпбиін дайындаған тіл ғалымы С.А. Аманжоловтың рөлінің зор екендігін атап өтеді. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр. Қазіргі танда латын әліпбиінде Қостанай таңы Біздің Торғай газеттері қазіргі танда латын қарпімен жазылуда. Болашақта латын қаріпіне көшсек біздің байырғы тіліміз бен дінімізді нәсихаттай аламыз деген үміттемін. [3, 53 бет]

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. [4]

Ендігі кезекте Мемлекет басшысы атап өткендей ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ, жаңа әліпбиді үйрететін сапалы мамандар қатарын көбейтіп, мектептерге арналған оқулықтар дайындалуы қажет.

Міне, осы мақсатқа қол жеткізіп, соның жеміс көру үшін қаймақ бетінде жүрген білікті тіл мамандары мен оқытушы-профессорлар аянбай тер төгуі керек. Зерттеу жұмысымыздан осындай ой түйдік.

Елбасының мақаласында көтерілген латын әліпбиіне көшу мәселесі өте өзекті әрі орынды. Біз ендігі кезекте осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін ойлануымыз қажет. Себебі, латын жазуына көшеміз деп айта салу оңай, ал оны жүзеге асыру үшін үлкен шараларды қолға алуымыз қажет. Ол үшін не істеу керек десек, латын графикасына өтудің оңы мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек [5, 25 бет]

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Осындай тамаша кезеңде латын әліпбиіне көшсек, ешқандай қиындық туындамайды деп ойлаймыз. Қуантарлығы, бүгінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларымыз ағылшынша үйренуде. Білім қуған жастар шет тілдерін меңгеріп, шетелдерде білім алуда. Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ деп санаймыз. Бұл қадамға бару болашақ үшін маңызды екеніне сенеміз. Себебі, бүгінде кириллицаның аясы өзінен-өзі тарылып келеді. Оның орнын ағылшын тілі басуда. Өйткені, ол өзінің қажеттілігін мойындата білді. Сол сияқты латын әліпбиінің де болашағы зор болатынына еш күмәніміз жоқ. [6, 7 бет]

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында байқағанымыз, біздің мектеп оқушылары мен мұғалімдерге латын қарпіне көшу үлкен қиындықтар туғызбайды деп ойлаймыз. Оған дәлел өткізілген тәжірибелік жұмыстарды қиналмастан орындағандары. Оқуда да, жазуда да кедергілер болғанымен, өз беттерімен берілген тапсырмаларды аяғына дейін дұрыс орындады.

Ал ғалымдардың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданып отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыр / Егемен Қазақстан 2017 жыл 12 сәуір.

2. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.Қазақстан халқына Жолдауы / 2012 ж. 14 желтоқсан. /

3. Қазақстан тарихы. 9 сынып оқулық. Алматы «Атамұра» 2013. Ғылымның шығып шыңына.

4. Қазақ әліпбиі

5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Бас ред.Б.Аяған – Алматы 2004 ж.

6. Латын әліпбиі: рухани жаңғыру тәуелсіздік жолы. Қазақ үні 2017 жыл 11 сәуір

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Базарова Г. Б.,
«Қарабалық ауданы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімі» ММ, Қарабалық ауданы,
Қарабалық кенті

Қазақ ұлтының латын графикасына негізделген әліпбиге көшуі – жаңа жаһандану заманындағы ең тағдыршешті қадам. Олай дейтін себебіміз, қазір әлемдік қауымдастықтың басым бөлігінің тұтынысындағы қаріп осы. Ғаламдық аренада экономикалық алыс-беріс, барыс-келіс, әлеуетті елдермен санасудың айнымас бір бөлшегі де – осы латыннегізді әліпби. Бұл – біріншіден. Екіншіден, "жаңа қаріпті қолданысқа енгізу қазақ руханияты үшін не береді?" деген сұрақ көлденеңдейді. Әуелі айтарымыз, латын графикасы қазақ ұлтына таңсық емес. Тарихымыздан белгілі бұл деректер талай жерде айтылып та, жазылып та жатыр. Кириллицаға дейін қазақ графикасы бірнеше өзгерісті бастан кешіргені бәрімізге аян. Соның ішінде латын қарпі 1929 жылдардан бастап тұтынысқа енгізіліп, он жылдай санамызға сіңісті болғаны хақ. Бірақ осы жолғы өзгерістің жөні мүлде бөлек деп есептеуге болады.

Қазақтың сөздік қорындағы төл дыбыстарды сақтауға ғана емес, үнімізге жат таңбалардан арылуға екпін салынғаны қуантады. Демек, әліпбидің сана-салтымызға енуі арқылы, биологиялық тұрғыдан қарасақ, дыбыс шығарудың ұлтқа тән болмысы жаңғырып, дағдылы ерекшелігімізге айналады деп айтуға болатындай. Кирилшеден әбден әдетімізге сіңісті болған әріптерден әжептәуір тазарды. "Әжептәуір" дейтініміз, алдағы уақыттарда "в", "ф" деген таңбалардың өзі қолданысымыздан шықса деген жүрек түбінде тілегіміз бар. Өйткені, қазақ әуелден "вагон" емес, "уагон", "европа" емес, "еуропа", "Москва" емес, "Мәскеу", "Фазыл" емес, "Пазыл" ("Базыл") т.б. деп келген халық . Бұл әріптерді айта алмау кемшілік емес. Бұл –"р"-ны француздардың "ғ", қытайлардың "л" дейтіні секілді ұлтқа тән жаратылыс қана... Дей тұрғанмен, "көш жүре келе түзеледі". Әліпбиді ауыстыру – санаулы жылдың шаруасы емес. Барған сайын, халық үйреніп-игерген сайын жетіле, дами түсері даусыз. Ол болашақтың еншісінде. Бірақ болашақтың бүгіннен басталатыны да қаперімізден шықпағаны жөн.

Латыннегізді әліпбидің емле ережелері бекітілгені бүкіл қауымға белгілі. Қазір жер-жерде халыққа үйрету, түсіндіру жұмыстарының жедел жүргізіліп жатқанынан да хабардармыз. Жаңа емлені жанымыздан өткізіп жатқа тоқу керек, асқан жауапкершілікпен оқу керек деп есептеймін. Неге? Өйткені, ту-талақайға түскен, әбден бірізділіктен айырылған қазіргі қолданыстағы емлеміздің етек-жеңін жинап алудың жалғыз жолы – осы үр жаңа ережені оқу. Тыныс белгіні әркім сөйлемнің қалаған жеріне қойып, бірі "кез-келген", енді бірі "кез келген" деп өз білгеніне тартып, ақылдары тасығандар түсініксіз сөзжасаммен айналысып кетті, жасырып-жабары жоқ. Сондықтан, жаңа латыннегізді емле ережелерін оқытуда асқан жауапкершілік қажет-ақ. Жалпы

Латинский язык принадлежит к числу индоевропейских языков (славянский, балтийский, германский, индийские, иранские, древний новый греческий язык).

Вместе с древними осским и умбрским языком латинский язык составлял италийскую ветвь индоевропейской семьи языков. Сравнительно-историческим изучением выявлены связи, существующие между латинским и остальными

языками индоевропейской семьи. Доказано происхождение индоевропейских языков от одного языка – основы: несомненная общность наглядно прослеживается латинского языка и новых европейских языков.

Латинский язык в его народной (разговорной) разновидности явился языком - основой для новых национальных языков, объединяемых под общим названием *романских*.

Государство западной Европы - Италия, Франция, Германия, где отсутствовали несколько столетий национальных литературных языков, латинский язык использовали в своих взаимоотношениях. Латинский язык остается языком государства и школы. В период Средневековья латинский язык был языком католической церкви.

Исключительна роль классического латинского языка в эпоху Возрождения (XIV – XVI вв.), когда представители - гуманисты прогрессивного течения в ранней западноевропейской культуре проявляли огромный интерес к античной культуре писателя, пользуясь латинским языком стремились подражать античным образцам, особенно языку Цицерона. На латинском языке писал Томас Мор, Эразм Ноттердамский (Голландия), Томазо Кампенелла (Италия). Именно в эпоху гуманизма (XIV – XVII) создается новолатинская литература. Именно на латинице писал свои труды Спиноза, ученый Ньютон (1643-1737), М.В. Ломоносов (1711-1765). Был период в культурной жизни Европы, когда без знания латинского языка, невозможно было получить образование.

До XVIII латынь оставалась языком дипломатии и международным языком науки. Например, на латинском языке составлен первый документ в истории русско-китайских отношений – известный Нерчинский договор 1689 года.

Нам следует помнить, что латинский язык является ключом к ряду европейских языков и европейской культуры в целом. При запоминании правил полезно сравнить их с похожими правилами английского языка.

Лексический минимум, включающего в себя наиболее употребительные слова латинского языка, являющиеся особенно продуктивными в образовании словарного запаса современных иностранных языков и интернациональной терминологии.

Латинская орфография носит фонетический характер, т.е. как слышится так и пишется, и наоборот как пишется, так и читается, т.е. научиться читать довольно легко (4 часа практических занятий достаточно, чтобы научиться читать)

Латинский язык относится к языкам с яркой выраженной синтетической тенденцией, это типологическая особенность латинского языка. Латинские слова имеют флексии (окончания), которые несут информацию о грамматической форме слова, т.е. по окончанию существительного можно определить (число, падеж), по окончанию глагола (лицо, число)

Латинское произношение претерпело в своем историческом развитии ряд изменений, связанных с фонетическими процессами в новых западноевропейских языках. Современное чтение латинского текста в разных странах подчиняется нормам произношения новых языков.

В латинском языке существует два подхода к произношению а)

традиционное произношение – система правил сложившихся за время использования языка в научных целях под влиянием правил произношения новых языков.

б) восстановление классического произношения - система правил, максимально приближающих современное произношение к произношению древних римлян (юриспруденция, медицина, биология).

Практика произношения

1. дифтонги аи(ау), еи (еу)

ае (е), ое (э), (ө) превратились в диграфы, изображаемые двумя буквами

su – persuade, Двугласные, т.е. сочетание двух различных гласных, произносимых в один слог означают ае – е, ое - ө

2. сочетание согласных с гласными

qu (кв) – aqua (аква)

ngu – перед гласными – нгв (лингва)

Su перед гласными в длинных словах произносится (св) пэрсвадео, а в кратких – Sua – суа

Ti – пред гласными, если перед Ti нет букв t,s,x – (Ц) ratio , но бэстиа

mi, -

Согласные произносятся th (т) rh (р) ch (х) ph (ф)

s между гласными как (З) rosa, но философия

с перед е,i,y,ae,oe – (Ц), в остальных случаях (К) - карцер

В классической латыни различались долгие и краткие гласные, которые обозначались: долгие (а□) надстрочным знаком ¯ , знаком краткости □ (а□), что служило средством различия смысла, например, līber (свободный), liber (книга); sero (поздно), sero (я сею), средством выражения грамматической формы (venit он приходит, venit он пришел) и во многих случаях определяло место ударения в слове.

В латинском алфавите приведены буквы, обозначающие монофтонги (т.е. одногласные). Их шесть а, е, i, о, u, у (но их было 12, 6- долгих, 6 кратких). Существуют правила, дающие возможность узнать краткость монофтонгов:

1. В словах, содержащих более одного слога, любой долгий гласный в закрытом конечном слоге сокращался, перед любым согласным, кроме S. В односложных словах сокращение происходило только перед m и t (flet – он плачет, flere – инфинитив), но sol (солнце), ver (весна).

2. Долгий гласный сокращался перед сочетанием nt и nd (or- nant`, or-non-dum). Краток, как правило, гласный перед гласными или например *монеро,* основа *моне*

В латинском произношении ударение никогда не падает на последний слог. Ударение падает на второй от конца слог если он долгий т.е. открытый с долгой гласной или любой закрытой. *На-**ту**-ра, маг**и**с-тер*

Ударение падает на третий от конца слог, если второй от конца слог краткий, то есть открытый с кратким гласным, *ци-це-**ро***

Латинский язык в этот период становится важнейшим средством международного культурного и научного общения. Многовековое

распространение латинского языка создало необходимость основательного его изучения в школах, составлялись словари, учебные пособия, издавались переводы, что содействовало что существовало проникновению соответствующей латинской лексики в новые европейские языки. Например, слова из области образования, школы «магистр» - учитель наставник; школа, коммунизм, республика, конституция, революция, реформа, демонстрация, диктатура, конференция, конгресс, армия, акция, аттестат, институт, университет, факультет, студент, аудитория, лаборатория, профессор, доктор, доцент, аспирант, культура, литература, спектакль, опера, конструкция, трансляция, радио и т.д. вошли в современные языки (английский, французский, немецкий). Кстати, на английский язык латинская графика оказала существенное влияние через французский язык в следствии завоевания Англии французскими норманнами в XI веке. (нормандцы – северные люди).

Латинский язык необходим при изучении современных романо-германский языков. Латинский язык играет важную роль в системе гуманитарного образования, филологу для изучения немецкого, английского языков, так, как только он позволяет объяснить разницу в значении и орфографии таких слов например, как «кампания» «компания» «пессимист», «оптимист», наличие одного корня в трех словах «факт», «дефект», «дефицит». Латинский язык нужен и историку, юристу, так как римское право – основа западноевропейского права и оказало влияние на древнейшие источники права. Медицинских и ветеринарных институтах, на биологических, естественных факультетах университетов, необходимость знания латинского языка в медицине, ветеринарии актуальны.

Следует отметить, латинский язык с давних пор служит источником для образования международной общественно-политической и научной терминологии.

В настоящее время латинский язык является официальным языком католической церкви. латынь является официальной графикой многих постсоветских государств.

Постепенный переход на латинскую графику, позволит нам овладеть иностранными языками. Латынь будет способствовать обогащению кругозора казахстанца, углубит знания в области международной культуры и науки, формированию человека как специалиста высокой культуры и квалификации.

Литература:

1. Н.Л. Кацман, З.А. Покровская. Латинский язык. М., 2006.
2. Т.Я. Котлярова Древние языки и культуры. Костанай, 2011.
3. Латинский язык. под ред. В.Н.Ярко, В.И.Лобода. М., 2007.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАЗ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Қанаш А. Д.
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты

Ұлттық жаңғыру бағытында атқарылатын шаралардың бірі ретінде Елбасының қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі, тіл мамандарының ерекше қолдауына ие болып отыр. Мақалада қазақ әліпбиі мен жазуын латын графикасына көшіру арқылы елімізді рухани жаңғыруға бастайтын маңызды құжат болып табылады. Ғылыми қауыммен кездесулерде, басқа жағдайларда да тіл мәселесіне ерекше назар аударып жүретін Елбасымыз Қазақстан халықтары Ассамблеясының 2006 жылғы 24 қазанында өткен XII сессиясындағы сөзінде «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік» - деген асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген болатын [1. 7б]. 2012 жылғы «Қазақстан-2050 стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруге, ең бастысы-қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады»,-деп тағы да атап көрсеткен еді.

Заман ағымына сай тіл де үнемі дамып, сөздік құрамы толыға түседі. Күнделікті өмірде танылған барлық заттар мен құбылыстар сол тілде сөз арқылы қолданыс табады. Егер осы сөздер өз ана тілінде, немесе ана тілдің заңдылығына бейімделіп қолданылмаса, онда кез-келген тілдің сөздік қоры жұтаң тартып, ол тілдің табиғи заңдылықтары бұзыла бастайды. Барлық уақытта да тілдің өзіндік заңдылықтарын ескеріп, үнемі жетілдіріліп отыруы керек. Қазіргі жазуымызда басшылыққа алатын негізгі емле ережелеріміз 1983 жылы қабылданды, одан бері тілімізге енген сөздер де көбейді. Сондықтан сөзіміздің қазақ тілінің басты заңдылығы – үндестік заңына сай жазылуына назар аударған жөн.

Латын әріптері туралы айтқан кезде латын халқы, оның тілі және әліпбиі туралы да айта кеткеніміз жөн. Латын тарихы өте терең, оны қысқаша айтсақ, Италия жерінде Этрусс, Лациум және Кампан деген үш жазықтық жатыр. Лациумнің орталығы б.з.д. VIII ғ. латын тайпасы негізін қалаған Рим қаласы болды. Б.з.б. I ғасырдың аяғында көп жерлерді жаулап алған Рим үлкен мемлекет боп V ғасырға дейін өмір сүрді, бүкіл Жерорта теңізі, Испаниядан Грецияға, Кіші Азия мен Египетке дейінгі және қазіргі Франция территориясы, Англия мен Германияның кейбір бөліктері т.б. жерлер Римнің қол астында болып, римдік мемлекеттің тұрғындары латын тілінде сөйлеген. Осы уақытта билік жүргізген империялық Рим мемлекетінің ресми тілі де латын тілі болғандықтан оның тілі мен жазуы бүкіл антик әлеміне тарап, еуропалық

өркениетінің негізі болған. Кейіннен Рим мемлекеті ыдыраған кезде оның құрамындағы түрлі ұлттар да бір-бірінен алшақтап, олардың тілдері де өз жолдарын тапты. Сондықтан қазір латын халқы жоқ, лингвистикалық классификация бойынша латын тілі өлі (яғни, қазіргі кезде қолданылмайтын) италийлік тілдерге жатады. Латын тілінің негізінде ұлттық тілдер, яғни романдық тілдер - итальян, француз, испан, португал, румын және молдаван т.б. тілдері өз алдына қалыптасқан екен. Латын алфавитінің қазіргі бізге жеткен таныс түрі б.з.д VI-III ғ.ғ. қалыптасқан. Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. [2. 16] Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне,латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек [3. 34б].

Тіл ғалымдары, солардың ішінде ең ұтымды алфавиттің Қазақстан қолданған кирилл әліпбиі екенін айтуда. Мәселен, түрік ғалымы Хатиже Ширин Ұсер қазақ-кирилл әліпбиі өзге түркі-кирилл алфавитіне қарағанда, таңбаның графикалық және фонетикалық тұрғыдан бір-бірімен байланысты болуы және бір дыбысқа бірден көп таңба берудің болмауына байланысты мұқият дайындалғанын айтады. Бұл тұрғыда қазақ-кирилл әліпбиін дайындаған тіл ғалымы С.А. Аманжоловтың рөлінің зор екендігін атап өтеді. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда ойларын да айтып бөлісті.

Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды – деп айтты. Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса құба-құп болар еді. Қазіргі уақытта ұялы телефондарда жарнамалар, хабарламалар латын әліпбиімен жазылуда. Сонымен қатар, интернет желісінде де латын әліпбиіне аударатын транскрипция орнатылған, бірақ орыс графикасында ғана жасалған, болашақта қазақ графикасында жасалады деген ойдамыз. Латын әліпбиіне көшуде осындай бастапқы жұмыстар атқарылып отыр.

Осы ретте «Қазақ ақпарат агенттігі» Ұлттық компаниясы Қазақ редакциясының 2014 жылдың сәуір айының өзінде мемлекеттік тілдегі жаңалықтарды елімізде тұңғыш рет латын әрпімен таратуды жүзеге асырғанын атап айтқым келеді. Бұл идеяның әуелде өмірге келуіне – ата жұрттың әр хабарына сусап, ынтығып отырған шет елдердегі қандастарымызға Қазақстан жаңалықтарын қалай жеткізсек екекн деген жанашырлық мүдде түрткі болған-ды. Сырттағы Қазақтардың көбі, әсіресе Қытайдағы қалың қазақ төте араб жазуын, ал Еуропа, Түркиядағы қандастарымыз латыншаны пайдаланатындықтан, біз қолданып жүрген кирил әрпін танымайды. Іргедегі Өзбекстанда бірден латыншаға көшіп кеткендіктен, ол елдегі қазақтың кейінгі толқыны өз-өзінен латын әрпінде сауат аша бастады. Демек, шеттегі қандастарымыз үшін Қазақстан хабарларын агенттік сайты арқылы латын әрпінде жеткізіп тұру тиімді болатыны анық. Осы мақсатпен агенттіктің компьютерлік технология мамандарына қазақ тіліндегі жаңалықтарды автоматты түрде тікелей латыншаға ауыстыратын бағдарлама жасауға тапсырыс беріліп, ол сынаұқтан өтіп, кем-кетік жерлері түзетілгеннен кейін, 2004жылғы сәуірдің 16-сынан бастап латынша сайтымыз толыққанды іске қосылып кеткенді.

Латын әліпбиіне көшудің тағы бір ерекшелігі ол бізді түркі тектес қандастарымызбен жақындастыруға бірден-бір себепкер болады. Жалпы латын әлібиі әлемнің жүзден астам елінде қолданылады екен. Оның ішінде Түркия, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзьбекстан секілді көрші-қолаң, қандас бауырларымыз бар. Мысалы, Түрік Республикасының құрылған күніне Мұстафа Кемел Ататүріктің негізгі бастамасы түрік қоғамы мен мемлекетінің мәдениеті мен жақындасу жолдарын жүзеге асыру болса, ол оның негізгі латын әліпбиіне жатқандығында. Сөйтіп Түркия 1929 жылы, Әзірбайжан 1992жылы, Өзбекстан мен Түркменстан 1993 жылы латын әліпбиіне көшіп алды. Әрине осындай жағдайды көрген Қазақстандар неге біздер солар сияқты латын

әліпбиіне ертерек көшіп алмадық дейді. Олардың бұл тұста ескермейтін бір жайы біздің ішкі демографиялық жағдайымыз бен ақпараттық кеңістіктегі мүмкіндіктеріміз, сондай-ақ білім саласында қалыптасқан ұстанымдарымыз Қазақстандағы халықтың әртектілігіне байланысты дамығанын елеп-ескермейтіндігінде. Елбасымыздың 2006 жылғы өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясындағы: «Әлбетте біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» деуіміздің сыры да сонда. Міне, енді латын әліпбиіне көшудің уақыты келгенін Елбасы биылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласында пайымды айтып берді. [4. 28б]

Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керектігін қазіргі фонетист ғалымдардың бірі Ә.Жүнісбек тынбай айтып келеді. Ғалымның: «Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен шектелмейді. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және емле ереже - бәрін бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби – сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқаны, қорғаны мен оққағары; Емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен тығыз байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғышарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен емле ережелер өзінен өзі түсіп қалады» - деген пікірі көңілді қонымды айтылған. Ендеше, латын әліпбиіне көшу уақыт талабы екен. Ендігі мақсат соны нық алып жүру. [5. 168б]

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін қорытындылай келе әлемдік өркениетті елдер қатарынан қалмау үшін латын алфавитін үйрену, жаза білу және оқи білу Қазақ еліне артық болмайды. Латын алфавитіне көшуде өте асығыстыққа жасамай, біріншіден алфавиттің ортақ тоқтам жасалған нұсқасын анықтау керек. Екіншіден, оны үйрету мен оқытудың мемлекеттік механизімін жетілдіріп, белгілі бір жүйе қалыптастыру қажет. Үшіншіден, халықтың өзі саналы түрде оны меңгеруге талпыныстар жасауы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиіне қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» №15, 16 сәуір 2019ж, 7б
2. «Қостанай таңы» газеті №16, 2018ж, 16б
3. «Ақиқат» журналы №12 2018ж, 34б,
4. «Қостанай таңы» газеті №27 2017ж 28б
5. https://www.zakon.kz

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БҮГІНІ ЖӘНЕ ЕРТЕҢІ

Манабай Ә. М.
Қостанай облысы
«Қостанай гуманитарлық колледжі»
мекемесінің 2 курс студенті Жетекшісі:
Мешелова Р.Ж

Жазу – қоғам, жазу- өркениет, жазу- адам жады, жазу- тіл, бұл жазу ұғымына келтірілген бірнеше ғана мысалдар. Күнделікті өмірде де ұялы телефондардан бастап, барлық ақпарат құралдарында ауызша сөз алмасу үшін де жазуды пайдаланатынымыз сөзсіз. Ақпараттық технологиялардың дамуы мен коммуникацияның қарқындауы жазудың деңгейін жоғарыға көтерді.

Қазақ жазуының бүгінгі келбетіне тоқталатын болсам, іс-қағаздарымыздың жазбаша жазылуы, ұлттық тіліміздің өзіне тән құндылықтарын сақтап қалуы, тоқтаусыз дамып келе жатқан заман ағымына ілесе алуымыз тікелей «жазу», «қазақ жазуы», «жазба тілдің қалыптасуы» түсініктерін қалыптастыруға байланысты болмақ.

Жалпы жазу термині қазіргі тіл білімінде мынадай мағыналарда жұмсалады:

а) ойды, айтылған сөзді қағазға түсіру, таңбалау процесі;

ә) осы процесс арқылы жазба мәтін құрау (хат жазу, арыз жазу, ойды жазу арқылы сыртқа шығару);

б) белгілі бір тілдің жазба тілінде қызмет ететін графикалық жүйе (мысалы, араб жазуы);

в) әліпби; орфография; жазба тілжүйесі (қоғамдық таңба, тілді реализациялайтын жүйе);

г) жазылған дүниенің сыртқы формасы, қолтаңба (менің жазуым жаман деген мағынада);

ғ) шығармашылықты жүзеге асыру (әңгіме жазу, өлең жазу, диссертациялық еңбек жазу);

д) музыкалық туындыны таңбалау (балет, опера жазу).

А.Байтұрсынұлы «Біздің заман жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деген атамыздың сөзі бүгінгі уақытқы сая келетіндей. Бүгінгі таңда жазу- қатынас құралы.Әлемнің дамыған мемлекеттері қатарына қосылуымыз үшін де жазуымыз басты рөл атқарады. Жоғарыда айтып кеткендей ресми іс- қағаздарымыздың жұмысы жазуға тікелей қатысты. Өркениеттің даму сатысыларының бірі дегім келеді.

Жазу-тілдің басты құралы. Әліппеде әріптердің жазылу үлгісінен бастайтынымыз анық. Кейін айтылуын, дыбысталуын, буындалуын деген секілді тереңдете оқытылады.Әрине ауызша айту оңай болғанымен, жазбаша өз ойын парақ бетіне мазмұнды етіп, сауатты түсіру кей жағдайларда мәселе екені сөзсіз.

Адам санасында не болып жатқаны тек өзіне аян. Адам парақ бетіне түсірген ойларын кейін қайта оқыса таңдануы мүмкін. Ия, жазу

шығармашылық әрекет құралы. Шашыраңқы ойды жүйелеуге, толықтыруға, нақтылап, қорытынды жасауға парақ бетіне түскен жазу мүмкіндік тудырады.

Жазудың бүгінгі қызметтеріне сан жетпейді.

А.Байтұрсынұлы араб әріптерін қазақ әріптеріне ыңғайластырып, ұлттық тілімізде әліпби жасағаны тарихтан белгілі. Осы уақытқа дейін қолданыста болған әліпбиімізді, латын қаріптерімен ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Латын графикасына өтудегі басты себеп, әлемдік аренаға шығу, халықтың компьютерлік сауатын арттыру, техникалық прогреске ілесу. Бұл программист, экономисттердің пікірі. Н.А. Айтқожиннің: "Ендігі жазу алдыңғы қатарлы технология, күрделі баспахана құрылғылары әртүрлі саладағы жоғарғы білікті мамандардың қатысуынсыз шешіле алмайды. Компьютердің стихиялы түрде таралып кетуі, ортақ стандарт шрифтің болмауы бұл мәселенің әлеуметтік-саяси мәні бар екенін байқатады, компьютердің басқыш-тетігі минутына 600-1000 таңбаға дейін салуға арналған, неге біз оны пайдаланбаймыз" деген пікіріне толықтай қосыла отырып, стандартқа енгізіліп жатырған латын графикасынан тыс қалмауымыз керек. Бірден латын жазуын игеріп алып кете алмасақта, алға жылжу үшін соқпағы қиын болсада, еңбегі жеміс беретін ертеңгі күндерімізге , нық қадам жасауымыз керек деп ойлаймын.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ-ТІЛІМІЗ ҮШІН ЖАСАЛҒАНИГІ ҚАДАМ

Махамбетова Г. К.
Қазақ тілі мұғалімі
«Қамысты ауданы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
ММ
Қостанай облысы, Қамысты ауданы,
Клочков ауылы

Бірінші Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық - тіл ауыспай, таңбаның ауысуы.Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз.Бұлқазіргі уақытта еліміздің басты, ең өзекті тақырыптарының бірі, яғни қалыптасқан дәстүрді бұзып, кириллицадан латын әрпіне көшу. Қазақстан халқы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері бүгінгі қолданыста жүрген кириллицадан латын әліпбиіне көшу мәселесі жөнінде пікірлер жиі айтылып келеді. [1]

Бірінші Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» - деген болатын. Ендеше орыс тіліне жалтақтай беріп қарайтынымыз да осы

кертарпаның бірі деуге болады. Бұл жолда латиницаға көшу – тиімді әрекет. Ол біздің ұлттық кодымызды сақтап, ұлт ретінде дамуымызға жол ашады. [2]

Жаңа әліпбиге көшу аға ұрпақ өкілдері, жастар, тіпті балаларға да оңай болады. Себебі, қазір жастардың негізгі массасы қазақ тілінде мәтіндік хабарламаларды беру үшін және және интернет-кеңістікте латын әліпбиін пайдаланады. Жас ұрпақ қазақ тілінен латын әрпіне көшуден сәтті өтетіндігі туралы сенімділікпен айтуға болады. XXI ғасыр – компьютер ғасыры деп бекер айтылмаған. Интернет - кеңістікте пайдалануға болады онлайн аудармашы қазақ тілін латын әрпіне көшіру немесе керісінше. Бейімделу үшін шыдамдылық, тырысушылық және уақыт қажет болады. Жоғарыда аталғанды орындау үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Үкіметімен Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Барлық кезеңдерінде, іс-шаралар ақпараттық және түсіндіру жұмыстарын жүргізумен қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта конференциялар, семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, жарияланымдар, бейнеблогтар және т.б. жоспарланған. [4]

Қазіргі таңда қолданыста жүрген жазу үлгілері аз емес. Солардың ішінде латын әліпбиін дүние жүзі елдерінің көбісі қолданатыны деректерден белгілі. Латын әліпбиі бізге таңсық емес, себебі ол біздің қоғамға әлдеқашан еніп кеткен. Оны еліміздегі кез- келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал, «латынның бізге берері не?» дегенде, толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Мысалы, «Үштұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру бағытында ел бойынша ағылшын тіліне көп назар аударылып келеді. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу дегенді білдіреді. Оған қоса, ағылшынша білсең – әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Осы орайда, латын әліпбиіне көшуді шет тілдерін жоғары дәрежеде игерумен байланыстыруға болады. Енді «Не үшін латын әрпіне көшуіміз керек?» деген сауалға жауап іздер болсақ, латын жазуы қазаққа бұрыннан таныс, қолданысқа оңай, игеруге ыңғайлы. Оған қоса, жаратылыстану ғылымдарында да оның қолданыста дәлділігі мен ептілігін дүниежүзінің өмір тәжірибесі дәлелдеді және бұл әліпби ақпараттық-технологиялар саласын дамытуға септігін тигізері сөзсіз. [4]

Менің ойымша, латын әліпбиіне көшу еліміздің бай мәдениеті мен мұрасымен көптеген шетелдік оқырмандардың терең танысуына жол ашады. Ал, жастар үшін әлем кеңістігі, дамыған елдердің мол жинақталған техникалық, әдеби тағы басқа туындыларын түп нұсқада оқуға жол ашылады. Қорта келе латын әліпбиіне көшіу – ол, өз әліпбиімзіге оралу, нақтырақ айтақанда түрік әлеміне, тіліне оралу деп түсінемін.Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсам, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды.

Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Оған дәлел, бастауыш буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы. [1]

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз— қорқақ, қол—батыр», - деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!

Пайдаланған әдебиеттер:
1. www.zakon.kz/4877657-latyn-l-pbi-ne-k-shu-turaly-p-k-r.html
2. «Егемен Қазақстан», 12 сәуір, 2017 жыл
3. https://egov.kz/cms/kk/articles/Alfavit-kazahskogo-yazyka-na-latinice
4. http://www.m-astana.kz/article/view?id=5259

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫҢА КӨШІРУ

Молдабекова Б. Ө.
«Арқалық қаласы әкімдігінің
қалалық тілдерді оқыту орталығы»
КММ Арқалық қаласы

Қазақ тілін латын графикасына көшіру Қазақстан қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтары арасында қарама-қайшы әсер тудырғанымен де, қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі көпқырлы, күрделі үрдіс болып табылады. Осындай қиындықтарға қарамастан Қазақстан үшін жазу-сызуды реформалау орта және ұзақ мерзімде оның келешегі пайдалы әрі нәтижелі болатыны күмән тудырмайды. Қазақ жазуын латын графикасына көшіруді ең алдымен ұлттық бірігейлікті қалыптастыру тұрғысынан қарастыру керек. Қазіргі таңда қазақ тілі Қазақстанның этникалық қана емес, жалпымемлекеттік те біргегейлігін танытатын басты фактор ретінде орнықты. Тілдің басқа да элементтерін ескере отырып, жазуды тілдегі ой мазмұнын жеткізудің графикалық тәсілі екенін негізге алу керек. Жазу жүйесі ұлттық бірігейлікті қалыптастыру мәселесі тұрғысынан алғанда да өз алдына жеке мән мазмұнға ие болады.

Бүгінде Қазақстанның қазақ тілін латын графикасына көшіру арқылы кең көлемді, терең деңгейлі жаһандану үрдісіне енуі ең маңызды мәселе болып отыр. Жаһанданудың технологиялық негізі ақпараттық және коммуникативтік технологиялар болып табылады, оның қатарына компьютерлендіру, интернет, ұялы телефон, жерсеріктік теледидарлары, т.б. жатады. Кеңінен таралып, одан әрі дамып жатқан осы және басқа да технологиялар әлемдік ақпараттық кеңістікте латын графикасының қанат жаюына бірден-бір себеп болады. Латын графикасы қазіргі таңда әлем бойынша кең қолданылатын жазу жүйесі ретінде танылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, бір жағынан, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін енуіне, екінші жағынан, Қазақстандағы ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың кең таралуына мүмкіндік береді. Қазақ тілін латын графикасына көшіру нығайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанды жаңа заманауи мемлекет ретінде

танытудың жолы болмақ. Қазіргі қазақ тілінің жазу формасы үшін латын әліпбиін таңдау саналы түрде, еркін жүргізіліп отыр. Бүгінгі қазақстандық қоғамның болашағы жастар болса, солардың дені түгелдей латын қарпінің үдесіне ойысып, өз таңдауын жасап отырғанын соңғы жылдарғы көптеген әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері растап отыр.

Жазу жүйесін латын әліпбиіне көшіру Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілінің мәртебесін нығайтуға да септігін тигізеді. Ұзақ мерзімдегі келешекте, яғни латын графикасы негізінде білім алған қазіргі балалар өмір белестеріне шыққан уақытта, тіліміздің мемлекеттік мәртебесі бұрынғыдан әрі берік нығаюын, соның нәтижесінде Қазақстан халқының жалпыұлттық, мемлекеттік бірігейлігінің жоғары деңгейге жеткенін көре алатынымызға сенімдімін.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БҮГІНІ МНЕ ЕРТЕҢІ

Муртазина А. Ж.
«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы»ММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

> “Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман” деген. Жазусыз өркениет болмасы анық.
>
> А.Байтұрсынұлы

Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлеуметтік ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткенінен хабар береді. Бүгінде жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық оны жазу және мәдениет, жазу - өркениет, жазу - қоғам, жазу мен ойлау, жазу мен тіл, жазу және коммуникация сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады.

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген-ді. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирил графикасы әліпбиін қолданып келеді.

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға

дейін “төте жазу” деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфологиялық дәстүрлі шарттарға негізделген.1940ж. орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде, әр түрлі өзгерістер енгізілді. Кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары (1993 жылдан бастап) қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылып отыр.

Бүгінде қазақ тіл білімінде жазу термині әліпби, графика, орфография, жазба тіл ұғымдарын түгел қамтитын кең мағынада жұмсалады. Қазақ жазуының бүгінгі келбеті мен болашағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты. Осыған орай ресми іскағаздардың, БАҚ-ның қазақ жазба тілде жазылуы, ұлттық ойлаудың жазба тілде жарыққа шыға алуы және оның болашақтағы ғылыми-техника прогресіне төтеп бере алуы “жазу”, “қазақ жазуы”, “жазба тілдің қалыптасуы”, “орфография” сияқты түсініктерге тереңдеп түсінік бере алуы қажет. Қазіргі қазақ тіл білімінде жазуды сөздің қағазға түскен.

Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Латын әріптері графизация (әріп таңбалау) заңдылықтарына, яғни, «көру – қабылдау - тану» талаптарына да сай. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Латын әліпбиінде әр түрлі диакритикалық таңбалар (нүкте, қос нүкте, сызықша, айшық, дәйекші т.б), яғни қосымша белгілер арқылы көптеген елдің барлық фонемалары латынның 26 таңбасымен ғана белгіленуі жазу үнемділігін танытатын тиімді әліпби дәрежесіне жеткізіп отыр. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) да сай болуы керек. Қазір латын әліпбиі осы талаптар биігінен де көрінеді, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, халық өз еркімен таңдауға мүмкіндігі болып тұрғанда әлемнің озық елдері игілігін көріп, көпшілігі қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп білеміз.

Жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Қазіргі орфографиямыздағы кейбір қиындықтарға қарап, «біздің жазуымыз осыншама сын көтермегені ме?» деп те ойлауға болмайды. Осы жазуымыз аға ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтерді, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді. Енді жағдай өзгерді, біз бұрынғыны қанағат етіп қана қалмай, алға ұмтылған, әлемдегі дамыған озық елдердің деңгейінде ғана емес, алдыңғы

қатардан көрінуге мүмкіндігі мол егеменді Қазақ елі ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі Қазақ тілін әлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз.

«Қай әліпби болсын сол халықтың мәдени болмысын аңғартатын айғақтардың бірі. Өйткені мәдени мұра, мәдени жәдігерлер әліпбиде сақталады, әліпби арқылы келесі ұрпаққа жетіп отырады. Қай әліпбидің болсын осындай тарихи миссиясымен бірге оның заманауи міндеттері де болады. Елбасы осы ретте: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп, бұл әліпби қазақстандық қоғамның жаңа кезеңдегі ең қажетті таңдауы екендігін айтты. Қазақ өз тарихында тұңғыш рет өз әліпбиін мемлекеттік деңгейде таңдап отыр. Бұл ел тарихындағы аса ірі оқиға. Сонымен бірге әртүрлі тарихи, саяси, әлеуметтік себептермен дүниенің түкпір-түкпіріне тарап кеткен қазақ баласы ортақ әліпбиге ие болады. Бұл қандастарымыздың қатынасы үшін аса маңызды қадам. Жалпы жаңа әліпбиі тәуелсіз сананың жаңғыруына бастайды, дүниені тануымызды оңайлатады.»,- дейді еліміздегі тіл білімінің ғалымдары.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле басталды. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында президент Н.Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» - деген болатын. Белгілі ғалым социолог, философ Э.Тоффлердің «Үшінші толқын» теориясындағыдай ортақ мәдениеттің қалыптасуындағы заман ағымынан қалып қойсаң керексіз болып қалатындай, үздіксіз дамумен қатар жүрген адам озық адам болып табылады. Қазірдің өзінде барлық ғылым мен технология латын жазуында. Осыдан 100 жыл бұрын басқа тіл өкілімен сөйлесу үшін аудармашы жалдау немесе сол тілді білу керек болатын.

Талай қиындықты артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігінің жаңа бастауына айналған Елбасы мақаласының «Таяу жылдардағы міндеттер» бөлімінде алдағы уақытта жүзеге асырылатын нақты жобалар ішінде қазақ әліпбиін біртіндеп латын графикасына көшіру кезек күттірмейтін ауқымды істердің бірі екендігін баса көрсетті. Елбасы 2012 жылғы желтоқсан айында жариялаған «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісу керектігін» мәлімдеген болатын. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздары, мерзімді баспасөз, ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ МЕН ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫ НЕГІЗІ 8 оқулықтар, бәрі де латын әліпбиімен басылып шығарыла бастайды. Сондықтан латын қарпіне

көшу туралы Мемлекет басшысы: «...Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процестерінің ерекшеліктеріне байланысты...»,– деп атап көрсетті.

Елбасының идеясын ел болашағына тәрбие беріп жүрген ұстаз ретінде қолдаймын Жаңа қазақ тілі әліпбиіне көшу - әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол, бүкіл түрік әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түсудің басты факторы екеніне көзім жетті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. ISBN 9965-26-096-6

2. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. - Орал: Ағартушы, 2007.-32 б.

3. Ғ.Т.Абдыханова ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ .

ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІЛДІҢТІРЕГІ БОЛУЫ ТИІС!

Мұханбетжанова Ж. М.
«Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық
тілдерді оқыту орталығы» КММ-ның
әдіскері, Арқалық қаласы

«Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеген болса, тіліміз әлдеқашан Ата заңымыздағы мәртебесіне лайық болар еді. Қазақ тілі туралы айтқанда істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады, әр уақытта. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім алдымен өзгені емес, өзін қамшылауы тиіс емес пе?! Тағы да қайталап айтайын — Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін! Сонда ғана өсеміз. Өзімізді түземей тұрып, өзгеге тіл үйреткеніміз қалай болады? Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың қолданыс тіліне айналады»[1].

Иә, бастысы, егемен еліміздің еңсесі биік болу керек. Мемлекетіміз мықты болса, оның халқы тату, болашағы зор болмақ. Елбасымыздың да көздеген арман-мақсаты – қазақ деген елдің атын әлемге әйгілеп, мемлекеттің әлеуетін арттыру деп білемін. Оны Тәуелсіз ел болғалы қол жеткізген жетістіктерімізден-ақ көруге болады. Енді ғана қаз-қаз басқан Қазақстан деген елді бүкіләлемдік қауымдастықта ең мықтылардың қатарынан көру үшін барын салып, мемлекетіміздің экономикасын күшейтіп, рухани-мәдени тұрғыда өркендетуге барын салды. Осыдан 9-10 жыл бұрын «Қазақстан дамыған 50 елдің қатарында болады» деп айтып қана қоймай, ісімен дәлелдеп те берді. Сонан соң «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиялық бағдарламасынан бастап, әр жылғы Жолдауларында, өткен

жылдың сәуірінде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында да үздік 30-дыққа енуді мақсат етіп қойды. Сол жолға жетуде әрбір отаншыл, ұлтжанды азамат өз үлесін қосуы тиіс. Ол үшін елдік санамыз ашық, патриоттық сезіміз жоғары болу керек. Тәуелсіздігіміздің басты тірегі – мемлекеттік тіліміз барлық салада үстемдік еткені жөн.

«Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек» деп Елбасы өте орынды айтады. Себебі, қазақ тілі – мемлекеттік тіл ғана емес, тұғырлы Тәуелсіздігіміздің айғағы, егемен еліміздің ең бір қымбат жемісі. Келешекте туған тіліміз өмірдің барлық саласында үстем болып, мерейі асқақтап тұрса, керемет емес пе?! Ендеше, мемлекеттік тілдің мәртебесін баршамыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесе көтеруге ұмтылайық! Бұл жолда тек бір ғана адамның күші-жігері, еңбегі жеткіліксіз, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» екенін түсіне білетін әр қазақстандық үлесін қоссын, сонда ғана тіліміз іс жүзінде Ата Заңымыздағы «мемлекеттік» деген мәртебеге лайық болады. «...Қазақ тілі 2025 жылға қарай кез келген ортада күнделікті қарым-қатынас тіліне айналады» десек, оған міне уақыт та таяп келеді. Тіліміздің өркендеуі мен дамуы жаңа қабылданған әліпбимен де байланысты.

Бүгінгі күн тәртібінен түспеген әліпбиінің мәселесіне барша қазақ жұрты бей-жай қарамады. Бұған дейін ұсынылған ұлттық жобалардың әрқайсысын сүзгіден өткізгендей барын салып талдап жатыр. Алғашқы рет қос әріптен құралған әліпбиге де, кейін Елбасының №569 Жарлықпен бекіткен дәйекші дыбыстар арқылы шыққан нұсқасына да ғалымдар мен тіл мамандары ғана емес, қарапайым халық ат үсті қарамады. Демек, аталған мәселе әр қазақты толғандыратыны сөзсіз.

19 ақпанда «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Елбасы Н.Әбішұлының Жарлығына өзгеріс енгізіліп, ондағы әріптердің оң жағына (апостраф) қойылған белгілері төбесіне (акут) ауысып, «ш», «ч» әріптері қос дыбыспен (диграф) белгіленетіні айтылған. Өз басым, бұл – алдыңғы екеуіне қарағанда көзге үйреншікті, оқуға тез нұсқасы деп білемін. Әр жаңашыл дүниенің көзге түрпідей көрінетінін ескерсек, қазіргі қорқынышымызды жеңуге болады. Бұл туралы тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «...Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес»[2], - деген болатын.

Бүгінде жаңа емле ережелерінің жасалуын асыға күткен жалпақ жұртқа ҚР Білім және ғылым минстрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеп берді. Оны көпшілік арасында талқыға салып, түзету мен толықтырулар енгізіп, барлық өңірге насихаттау жұмыстарын жүргізген – ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық-ғылыми практикалық орталығы болды.

Күні кеше ғана Нұр-Сұлтан қаласында латыннегізді қазақ жазуын меңгертетін тренерлерді дайындауға арналған 72 сағаттық «Жаңа емлені оқыту әдістемесі» республикалық курсына қатысып, тренер атанғаным – мен үшін үлкен мәртебе. Алға қойған жоспарым – өз өңірімде жаңа емлені меңгертуге барынша атсалысу, қолымнан келгенше тіл мәртебесінің мерейін арттыруға өз үлесімді қосу.

Деректерге жүгінсек, бүгінде кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі латын әліпбиін қолданады. Демек, бұл – кең таралған жазу, ал біз үшін ең дұрыс таңдау. Ендігі кезекте жаңа әліпбиге негізделіп жасалған емле ережелерін терең меңгеріп, тіліміздің түпкі дыбысталуын қайта жаңғырта отырып тәуекелге бел байлап, жарқын болашаққа жаңа әліпбимен нық қадам жасау қалды. Олай болса, латыннегізді әліпби – кемел келешегіміздің кілті болып, жедел дамуымызға өз септігін тиізетініне сенейік!

Әлемдік деңгейде заманауи ақпараттық тіл болып табылатын латын әліпбиіне негізделіп жасалған жазудағы жаңалығымыз «жаңа қазақ әліпбиі» – мемлекеттің тілдің тірегі болуы тиіс. «Кеңесіп пішкен тон келте болмасын» ескерсек, бұл бастаманың да болашақта оң нәтиже беретініне өз басым кәміл сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы. 2012 ж., 14 желтоқсан

2. «Егемен Қазақстан» газеті, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақала, 2017 ж., 12 сәуір

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫНДА ЛАТЫНДЫ ТАҢДАДЫ

Мырзашева М. А.
«Федоров ауданы әкімдігінің Тілдерді оқыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі-әдіскер
Федоров ауданы, Қостанай облысы, Қазақстан Республикасы

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады»

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев

Ел тәуелсіздігі тәуелсіз санадан басталады. Ұлттық сананың шегендеуіші – жазу. Мұны терең түсінген қоғам ғана жазу реформасын жасайды, Мемлекет басшысы ғана тәуекелге бел буып, оны жүзеге асырады. Стамбулдың «Айдын» университетінің профессоры Шұғайып Қарақаш қазақ ғалымдарымен кездесуде: «адамзат тарихында реформатор мемлекет басшылары көп. Бірақ жазу реформасын жасау тек жүрегінің түгі бар, ісіне, өзіне сенімді көшбасшының ғана қолынан келеді, сондықтан олар санаулы. Сіздердің елдеріңіздің Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев адамзат тарихында жазуды реформалаған сондай мемлекет басшысының бірі» деген еді. [1]

Бүгінде сол реформаның алғашқы кезеңі нәтижелі жүзеге асты деуге әбден болады: жаңа әліпби бекітіліп, қазақ тілінің жаңа емле ережесі мақұлданды. Сонымен, әліпбиімізді латын графикасына ауыстыру бізге не береді, неден ұтамыз, неден ұтыламыз?

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры десек, бүгінгі компьютер заманында әлемдік ғаламтор жүйесіндегі ақпарат кімнің қолында болса, сол өз билігін емін-еркін жүргізе алады. Ал ақпараттың басты құралы – жазу. Яғни, ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы – ол латын графикасы.

Білім, ғылым, өндіріс саласына еніп жатқан жаңа технологияларға латын әліпбиі арқылы қол жеткіземіз. Сондықтан латын әліпбиіне көшумен халықаралық ақпараттық кеңістікке шығу жеңілдейді, яғни, ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашылады.

Латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Тіл тазалығы мәселесіне келсек, тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Қазақ тілін оқытуда басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарып, мектептен бастап барлық оқу орнында оқыту үдерісі жеңілдейді. [2]

Осыны терең түсінген Федоров ауданының тұрғындары жаңа әліпбиді ілгерлету жұмыстарына жаппай қолдау көрсетуде және ауданда қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруді жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру бойынша аудандық ақпараттық-түсіндіру тобы құрылған.

Латын графикасына негізделген қазақ тілінің жаңа әліпбиін түсіндіру және ілгері жылжыту бойынша аудандық іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

Бекітілген желілік жоспарға сәйкес ақпараттық-түсіндіру тобы ауданның барлық ауылдық округтерінде қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуін түсіндіру бойынша семинарлар мен тренингтер, кеңестер өткізу жұмыстарын жалғастыруда.

Жоба шеңберінде іс-шараларды іске асыру үшін жергілікті бюджеттен 3349,0 млн.теңге бөлінген (2018 жылы 1539,0 мың теңге; 2019 жылы 1810,0 мың теңге).

2017 жылдың сәуір айынан бастап бүгінгі күнге дейін ақпараттық-түсіндіру тобы - 551 кездесу өткізіп, оған отыз мыңнан аса адам тартылды.

Аудан тұрғындарының қазақ тілінің латын графикасына көшуіне қатысты пікірін білу мақсатында Тілдерді оқыту орталығы апта сайын тұрғындар арасында сауалнамалар жүргізеді. Оған барлығы екі мыңнан аса адам қатысты.

Қазақ тілінің латын графикасына көшу мәселесі бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет ресурстарда жарияланды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан бастап бұқаралық баспасөз құралдарында 2560 мақала басылып шықты. Аудандық "Федоровские новости" газетінде "Жаңа әліпби", "Новый алфавит" айдары жүргізіледі. Федоров ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы белсенді қолданылады, онда жеті жүзден аса материал, сондай-ақ танымал әлеуметтік желілерде мыңнан аса тақырыптық мақалалар, постылар мен репосттар жарияланды.

Өткен жылы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және насихаттау мақсатында ауданда "Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі" мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша жұмыстар жүргізілді. Жоба аясында ауылдық округтерде қазақ тілінің латын графикасына көшуін түсіндіру бойынша кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізілді. "Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі" атты аудандық форум өткізілді. Ағымдағы жылы "Мәңгілік ел –мәртебелі тіл" және "Бірлігіміз жарасқан" мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында қоғамдық пікір көшбасшыларын, қоғам қайраткерлерін, облыста танымал ғалымдарды шақыра отырып, түрлі форматтағы іс-шаралар өткізу жоспарланған.

Арнайы жобаның негізгі іске асырушыларының бірі Аудандық тілдерді оқыту орталығы болып табылады.

Өткен жылдың маусым айынан бастап Тілдерді оқыту орталығы жаңа әліпбиді үйрету бойынша сынақ сабақтарын өткізуде.

Қазақ тілінің жаңа емле ережесін таныстыру мақсатында Федоров ауданының жалпы білім беретін мектептерінің қазақ тілі мұғалімдері үшін семинар өткізу дәстүрге айналуда.

Өткен жылғы 14 қараша күні республикамызда латын қарпінде жалпы ұлттық диктант өткізілді, оған ауданнан 1704 адам қатысты.

Апробациялық жұмысқа аудандық Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп өткізілген "Біз латынды қолдаймыз!", "Біз латын әліпбиін қолдаймыз!", "Берік іргеміз, латынмен біргеміз!", "Мен латын қарпін қолдаймын!" акциялары өз үлесін қосты.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесін ілгерлету мақсатында ауылдық округтерде 10 баннер, 67 постер орнатылды.

«Федоровский новости» аудандық газеті жаңа алфавитпен мақалалар жариялауды бастады.

Ағымдағы жылы халықтың түрлі топтары үшін латын графикасы негізінде қазақ тілінің ережелерімен таныстыру жұмыстары жалғастырылады. Ол үшін көшеде орнатылған «Led экран», "Федоровские новости" газеті белсенді қолданылады.

Облыс әкімі А.Мұхамбетовтың тапсырмасы бойынша 2019 жылғы 13 наурызда өткізілген жалпы облыстық диктантқа аудан бойынша 947 адам қатысты.

Келешекте біздің өскелең ұрпақ осындай бүгінгі жүйелі жұмыстардың арқасында бәсекеге қабілетті, өз ана тілінде жазып және оқи алатын, ата-бабасының мәдениеті мен тарихын толық білетін азамат болатынына сеніммен қараймын.

Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Өйткені латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Анар ФАЗЫЛЖАН, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты

2. Жандос СМАҒҰЛ, филология ғылымдарының докторы, профессор. Бектұрсын ҚАЛИЕВ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРОЕКТНОГО ОФИСА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОСТАНАЙСКОГО ФИЛИАЛА ФГБОУ ВО «ЧелГУ» В РЕАЛИЗАЦИИ ЗАДАЧ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А. НАЗАРБАЕВА ПО ПОЭТАПНОМУ ПЕРЕХОДУ НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ

Нурмагамбетов Р.Г.,
ФГБОУ ВО Костанайский филиал
«Челябинский государственный университет»
профессор кафедры права

В Костанайском филиале ФГБОУ ВО «Челябинского государственного университета» в части проводимой работе по переходу Казахстана на латинскую графику полным ходом проводится работа по реализации положений программной статьи Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней великой степи». С момента выхода программных статей Главы государства был составлен план мероприятий по разъяснению основных положений, который реализовывается на системной основе до завершения календарного года с последующей пролонгацией. Филиал един в реализации общей цели по трансформации гражданского самосознания молодежи вузовской системы, направленной на самореализацию каждой личности с проактивной жизненной стратегией на основе общечеловеческих ценностей и конкурентоспособности, здорового прагматизма, креативного и предпринимательского мышления, готовности к непрерывному образованию в течение всей жизни и вызовам современности.

В настоящее время в период происходящих на наших глазах глобальных изменениях экономических, политических, социальных устоев государств и

обществ актуальным является вопрос анализа роли проектного офиса в вопросе популяризации перехода Республики Казахстан на латинскую графику, объединения молодежи филиала вокруг этого важного для государства процесса.

Ответ на этот и другие вопросы важны в условиях углубляющихся процессов цифровизации, усиления проникновения в сферу регулирования международных информационных систем и технологий. На наших глазах меняется архитектура государств. Все ключевые современные знания в области права, экономики, филологии и т.д. существуют на латинской графике. Все государства без исключения объединяют процессы перехода государств на Четвертую промышленную революцию и как следствие повсеместная цифровизация разнообразных сфер государства и общества. Думается, что в ближайшей перспективе, цифровой контент изменит существующие институты и регулирующие их международные действующие нормы, изменит существующую реальность. Все это ставит задачу подготовки молодого поколения к жизни в новом мире. Без знаний латинской графики это невозможно будет сделать.

В условиях массового распространения технологий в ближайшей перспективе в государствах будет формироваться новая технологическая языковая цифровая среда. По данным отчета экспертов Всемирного экономического форума Дерека О Халлорана и Уинстона Гриффина «Наше цифровое будущее: ответственное цифровое преобразование» опубликованного в 2019 году «к 2022 году 60% мирового внутреннего валового продукта будут оцифрованы»[1]. По мнению авторов, если сегодня только 45 процентов людей проживающих в мире доверяют цифровым технологиям то к 2022 году эта цифра существенно изменится»[2]. Все эти знания будут передаваться на латинском алфавите. Поэтому переход Казахстана на латинскую графику – это закономерный процесс, связанный с огромной выгодой, которая может быть получена от преобразований обусловленных появлением новых продуктов, услуг, расширением рынка товаров, освоением новых профессий и как следствие увеличивающимся количеством отношений в цифровом формате.

В целях реализации поручений, определенных в Программной статье Президента РК – Лидера Нации Н. А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Проектный офис Костанайского филиала ведет системную работу в этом направлении и уникальная конференция которая проходит в стенах нашего учебного заведения, доверие которое оказано со стороны органов власти еще раз это подтверждает.

По плану на 2019 год в филиале уже проведено более 10 мероприятий направленных на разъяснение молодежи положительного эффекта от происходящего перехода на латиницу. Подробно доводится до студентов

[1] O'Halloran D., Griffin W. System Initiative on Shaping the Future of Digital Economy and Society/ World Economic Forum – Geneva/ Switzerland, 2019 – P.6.
[2] O'Halloran D., Griffin W. System Initiative on Shaping the Future of Digital Economy and Society/ World Economic Forum – Geneva/ Switzerland, 2019 – P.6.

содержание нового алфавита на латинском языке, формируются умения его применять на практике.

До декабря 2019 года в филиале планируется организация круглого стола «Латиница: вхождение в мировое информационное пространство», проведение студенческого конкурса работ на латинице «Казахстан – мой дом родной». В данных мероприятиях примут участие более 700 студентов филиала.

Активно работает информационно-разъяснительная группа. Коллеги принимают участие в обучающих семинарах по данной тематике. В период с сентября 2018 года по май 2019 учебного года было организовано 12 информационно-познавательных лекций среди студенческой молодежи, проведено 6 встреч, 2 круглых стола и 20 кураторский часа общим охватом 700 студентов посвященных латинской графике.

Институционально для формирования инновационной экосистемы на русском и латинском языках на базе филиала созданы и действуют «Проектный офис «Рухани жаңғыру» (201 кабинет), «Startup Академия» (руководитель Катючая А.Я., кабинет 420, имеется электронный бизнес-хаб, включающий 17 бизнес-проектов с периодом реализации 2018-2021 годы).

На сегодняшний день из 13 стартап и бизнес проектов в сфере цифровизации в рамках действующей «Лаборатории цифровой грамотности» три проекта готовы к практической реализации в Костанайском регионе:

- Платформа для защищенного и безопасного общения юриста, и его клиента «Leserv.com». Авторы проекта - Давыденко В., Исмагзамов Ж., Чумак Д. - студенты направления подготовки «Юриспруденция», руководитель проекта Литвинов Р.В., старший преподаватель кафедры права;

- Проект интернет-аптеки и мобильного приложения «Apteka.kz». Авторы проекта Калинина К., Тюркина В., Мастеркова Е., Юр К. - студенты направления подготовки «Экономика», руководитель Катючая А.Я., старший преподаватель кафедры экономики.

Данные проекты размещены на электронной площадке поиска инвесторов (http://shaniraq.com) в разделе бизнес проекты и на странице официального сайта филиала (http://csu.kz/index.php/startap-proekty) в разделе «Стартап и бизнес проекты». Безусловно, работа сотрудников проектного офиса в части популяризации перехода на латинскую графику будет продолжена. Планируется создание на латинице правовой основы цифровым продуктам, написание стартап проектов студентами филиала по актуальным вопросам филологии, лингвистики, экономики, проведение конкурсов и т.д. Отдельное внимание будет уделено проектной деятельности филиала в этом направлении.

Все вышеперечисленное позволит реализовать общую цель по трансформации гражданского самосознания молодежи, выработки у нее проактивной жизненной стратегией на основе общечеловеческих мировых ценностей и конкурентоспособности, здорового прагматизма, креативного и предпринимательского мышления, готовности к непрерывному образованию в течение всей жизни и вызовам современности.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Нұрмұхаметова Қ.Т.
ФГБОУ ВО Костанайский филиал
«Челябинский государственный университет»
доцент кафедры филологии

1.Кіріспе

Қазақ жұртының латын тіл мәдениетімен қатынасы сонау ертеден басталған. Оның айғағы он үшінші ғасырда жазылған «Кодекс Куманикус» «Қыпшақ тілінің сөздігі» – қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын кітап. Бұл еңбектің түпнұсқасы 1294 жылы латының готикалық көне қарпімен жазылған, екі бөліктен тұрады. Аударылмаған көне нұсқасы қәдімгі қазақ жұмбақтарымен мағынасы сәйкес келеді Мысалы: «Көкше ұлағым көгенде семірер», «*Ақ кеменің аузы жоқ*».т.б. Осы тасқа қашалған жазулар бабаларымыздан қалған жәдігер,тарихты таразылар қолтаңбасы десе де болады.

2012 жылдан бастап осы латын алфавитіне көшу туралы мәселе көтеріліп келеді. Қазақ ұлт ретінде ары қарай дамуы үшін өзгеге ұқсамайтын өзгешелігін, тарихы терең тамырын ұлан ұрпаққа жете танытуы қажет.

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ол деген сөз- ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту,ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Жаңғыру ұғымының өзі әбден көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Ешқашан бұлжымайтын екі ереже- ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Және де алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тартып,жаңа заманға лайықты жауһарларын ғана алу керек. Еліміздің өркендеп-өсуі үшін және қазақ тілінің болашағы мен латын әліпбиіне байланысты бірнеше жобаны ұсынылып, 19 ақпан 2018 жылы қазақ тілінің латын қарпіне негізделген бірыңғай стандартының жобасы қабылданды.

2.Мақсаты мен әдістер

Мемлекеттік тілді реформалау, рухани жаңғыру бағдарламасы-тарих көшінде маңызды орын алатын үлкен өзгеріс. Сонымен қатар әліпби ауыстыруда саяси, қоғамдық, рухани мән жатыр. Егемендіктің белгісі- тіл, дін, діл, Әнұран, Елтаңба, Ту, қалай қасиетті болса, жазу да соншалықты маңызды. Жазу деген – ол таңба (Елтаңба деген сияқты). «Жазу- әліпби, таңба және емле-ережелерден құралады. Әліпби – тілдің дыбыс құралы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле- ережелер әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекерлері», - дейді тіл маманы Әлімхан Жүнісбек.[3]

Сондықтан да латын әліпбиін қабылдау арқылы ұлтымыздың көрінісі тіліміздің әлеуеті артып тіл тазалығы сақталады, 42 әріптің орнына 32 әріп қолданылып, басы артық әріптер саны азайды.Алдыңғысы диграфты әліпби болып, онда 42 таңбадан құралған 25 әріптік негізде жасалған болатын. Екінші рет апострофты әліпби нұсқасына өзгертті. Жаңа әліпбиде латын қазақтың 6

дыбысы дәйекшелер (акут) арқылы беру нұсқасы қабылданды. Мұнда бір дыбыс бір әріппен белгілену қағидасы сақталған.

Әліпбидің бұл нұсқасында 32 әріп қолданылып,қазақ тілі жүйесіндегі 28 фонема (9 дауысты 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема (*и, в, ф, h, х, ч),*және бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар.Олар: *Hh-[х], [h]және[и], [й],сонда* барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Әліпбидегі 6 дыбыс (*ә, ө, ү, ғ, ң, у)* дәйекше (акут) және екі дыбыс қос әріппен (диграфпен) таңбаланған. *(Ch-[Ч], Sh[Ш]).*

3.Нәтижелер мен талқылау

Қазір цифрлық технологиялар заманы. Коммуникация, ғылым және білім беру процестері латын алфавитіне көшуге қолайлы деуге болады. Қазір бастауыш сыныптардан латын әріптерін үйретіп жатыр.

Заман тәжірбиесі көрсеткендей әлемдік ақпарат кеңістігіне өтудің жолы ретінде латын жазуы кеңінен пайданылады. Қай елдің ғылымы озық технологиясы жетік болса, сол елдің мемлекеттік тілінің қолдану аясы әлемдік деңгейде болады.Өркениетке қол жеткізген әлем елдерінің 80% пайызы латын тілін қолданады.

Латын әліпбиі арқылы әлемдік кеңістікке жол ашылып, жаңа ақпараттар мен технологияларға қол жеткізуге зор мүмкіндіктер туып отыр.Еуропа мен Азияның ортасында Ұлы Жібек жолының күретамыры іспеттес Қазақстан жазуы латын қарпінде болса,елдің дамуына да пайдасын тигізеді.

Ғылым мен білімнің барлық саласында ғаламтор желісінде қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашылады, әлемнің даму көшіне ілесеміз.

Түбі бір түркі әлемімен рухани, мәдени, ғылыми экономикалық қарым-қатынас орнайды, түркі дүниесімен жақындастырады.

Өзге ұлт өкілдері қазақ тілінің төл әріптерін қиын қабылдайды. Қазақ тілі латын әріптерімен жазылса жеңіл, қолданысқа оңай, игеруге ыңғайлы болады. Болашақтың негізі білім ордаларында қалыптасатынын ескерсек, балабақшадан бастап әріп үйрету мектепте жалғасады. Оқу орындарында да оқыту үрдісін жеңілдетеді. Отандық ғылымның жаңа белестерге көтерілуіне, қазақстандық ғалымдардың шетелдік әріптестермен қарым-қатынасын жандандыруға мүмкіндік туады.

Шын мәнінде, бүгінде ғаламтор жүйесінде латын әліпбиі кеңінен тараған. Электорондық поштамыз бен автокөлік нөмірлері де латын әріптерімін берілген. Күнделікті пайдаланып жүрген жеке куәлігіміз де, паспортымызда да латын әріптері бар. Тауар маркалары мен еларалық құнды қағаздарда да осы әріптер таңбаланып келді. Ол әріптерді сауаты бар кез-келген адам жеңіл түсіне алады.

Латын әліпбиіне көшу, ана тіліміздің қолданыс аясын кеңейтуге, мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіруге мүмкіндік жасайды, тіліміздің ішкі табиғи заңдылықтары қазақы айтылуы (орфоэпия) мен жазылымы (орфография) жүйеге келтіріледі.

Орыс жазуының ықпалымен енген кірме әріптер мен емле ережелер қазақ тілінің ішкі айтылым (орфоэпия) дыбыс тіркес заңдылықтарына кері әсерін тигізді : *ый, ій* дыбыстарын «***й***» деп үйретіп жіңішке айтқызып, *ми, жи тиін,*

немесе *аю, қоян* деп жазылуы бойынша оқып, өрескел бұзып айту әдетке айналды. Ең негізгі мәселе- емле ережелеріндегі жазудың басты принциптері мен заңдылықтарын анықтауға *и* мен *у* дыбыстарының жазылуына, күрделі зат есімдерді жазуға қатысты мәселелер. Жаңа емледе «*у*»мен «*и*»дыбысы дауыссыз деп көрсетілген. Онда *су, ту, жу, ти, ки, би* сияқты сөздер екі дауыссыз сөздер болып саналады. Ал екі дауыссыздан қазақ тілінде буын да, сөз де құралмайды. Қазіргі заман оқудың заманы болғандықтан, қалай жазылса, солай оқуға дағдыланған үрдіс пайда болып,қазақ тілінің орфоэпиясы бұзылды. Ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлы қағидаларында қазақ тілі-әріпке емес, дыбыстық жүйеге негізделгені айтылған.[1] Мәселен, қазір ерін үндестігін сақтауға назар аударылмай барады. Мұның барлығы- төл дыбыстарымызды жазуда елемеуден шығып отырған жайттар

Жазбаша тіл ауызша тілдің графикалық көрінісі. Жазу белгілі бір таңбалар арқылы жасалады. Сондықтан жаңа әліпби жасау үшін алдымен графикалық лингвистика негіздерін танып білу қажет, тілдің дыбыс жүйесіндегі фонемалардық фонологиялық ерекшеліктеріне назар аудару керек, басқа тілден енген сөздерге қатысты фонемаларды қалай таңбалау керек екені ескерілуі тиіс. Ең бастысы – тілдің табиғатын ашатын өзіндік дыбысталу ерекшеліктеріне нұқсан келмейтіндей мәселелер назарда болу керек. Бұл мәселелер ескерілмеген жағдайда жазудың өзгертілуі халықтың мәдени өміріне, әлеуметтік санасына кері әсер етуі мүмкін.

Кейбіреулер ағылшын тілі өте қиын тіл деп жатады. Біз ағылшын тілінің емле-ережесін қабылдайын деп жатқан жоқпыз. әліпби латындікі болғанмен, емле-ереже қазақтың өз нормасына сай жасалады.

Айналып келгенде білім – әлемдік дәрежеде, тәрбие -ұлттық деңгейде болғаны дұрыс. Алаш зиялыларының да саяси және рухани күресіндегі мақсат-ұлтымызды ұйыстыру еді, сол арқылы елдігімізді айқындау аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрған еді. Олар тілдің саяси, қоғамдық, рухани ұлтты біріктіруге күш екенін жақсы сезген. Сондықтан да қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы тілтану ғылымынан бастауы кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені ұлттық болмыс, сана өткені мен бүгіні тіл арқылы, жазу арқылы сақталып хатталып қалады.

Халқымыздың зар заман жаршылары тілді қарсылық пен сынның құралы етсе, алаш азаматтары тілді ұлтты сақтап қалудың қуатты құралы деп қарады, сол жолда басын қатерге тікті. Ұлттың мүддесін қорғаған, ірі тұлғалар, ұлт ұстаздары, ұлт көсемдері еді олар «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта жоғалмайды»,- деген А.Байтұрсынов.[1]

Санаға серпіліс жасау қоғамдық сананы, ұлттық болмысымызды жаңғырту, ұлттық код мәселесін алға қойды. Ұлттық рухпен, тамыры терең түзу тарихпен тұлға, ұрпақ, ұлт тәрбиеленеді. Ұлттық код дегенде атадан балаға жалғасып келе жатқан дала заңы мен хатқа түспесе де қағида боп қалыптасқан дүниелері халықтың терең тамырлы шежіре тарихы, шоқтығы асқақ теңдесіз ұлттық құндылықтары сияқты қасиеттер ойға оралады. Жаңа сипаттағы ұлттық сана халқымызға өзінің ертеңін бүгінгі дамудың, ал бүгіннің кешегі ұлы күрестердің нәтижесі, заңды жалғасы екенін танытты.

4.Қорытынды

«Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлессең – сүйініш, өз тілін білмей тұрып жат тілге жалпақтау, еліктеу – қасірет», – деген Халел Досмұхамедұлы. Осы мәселелер әлі сол өзектілігін қатты қажет етіп отыр. Осы мәселелер санаға серпіліс қажеттігінен туып отыр. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А.//Ақ жол.[Мәтін] Алматы, 1991ж.- бет

2. Жолдасбеков М//Елтұтқа.[Мәтін] Астана, 2001ж.- бет

3. Жүнісбек Ә.Орталық коммуникациялар қызметі.//Пресс-конференция 12 қыркүйек 2017ж.

4. Күдеринова Қ. \ Қазақ жазуының теориялық негіздері.//[Мәтін] – Алматы, 2010, 144 б.

5. Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы.// [Мәтін] 31 қаңтар 2017ж.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Нұрмағамбетова З. К.,
Ұзынкөл ауданы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» КММ директоры,
Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ тілін 2025 жылы латын графикасына көшіру жайында ел ертеңі үшін батыл қадам жасаған болатын. Мұның өзі ана тіліміздің болашағы жолында жасалып жатқан игі қадам екенін айта кеткен орынды. Мұның, осы бір игі қадамның ғылыми мәні зор. Өйткені бұл жаһандық ғылыми өлшем базаларына жылдам енуге мүмкіндік туғызады. Отандық ғылымның жаңа тынысын ашып әрекет ету аясын одан әрі кеңейте түсері даусыз.

Бүгінгі таңда әлемдегі өзекті деген ақпараттар ағынының жетпіс пайызы дерлік латын графикасымен беріліп келе жатыр. Адамзаттың басым бөлігінің құрылымы латын графикасына негізделген латын таңбасын қолдануда. Латын әліпбиіне ауыса отырып қазақ тілі халықаралық деңгейде зор мәртебеге ие болмақ. Бұған қоса тағы бір аса маңызды жағдай – бұл түркі тілдес елдердің бір – біріне жақын бола түсуіне себепші болатын шешім екендігі. Туысқан халықтардың ірге ажыратпай ортақ ғылыми-ақпараттық кеңістік құруына да латын графикасы өте бір онды мүмкіндік туғызғалы отыр.

Бұл тұрғыда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік органдардың интернет – ресурстарында және жұртқа танымал әлеуметтік желілерде мыңдаған тақырыптық мақала, постар жарияланып, газеттерде мақалалар жарық көруде. Электрондық эфирлер бағдарламалар мен сюжеттер

арқылы насихат, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқаны да мәселенің кең ауқымдылығын, маңыздылығын білдіретіні сөзсіз.

Бүгінгі күндері біршама білім ғимараттары маңдайшалары жаңартылып атаулары латын әліпбиінде жазылуда. Қостанай облысында биыл, 2019 жылы жобаны іске асыру бойынша әртүрлі «Әлеуметтік топтардың өкілдері қамтылады». Ғылыми-теориялық конференциялар, семинарлар, зерттеулер мен әлеуметтік жобалар жоспарланған. Ақпараттық-түсіндіру топтары мүшелерінің қатысуы арқылы қалалар мен аудандарда алуан түрлі іс-шаралар өткізілген. Ал 2018 жылы қараша айында сексен мыңнан астам облыс тұрғыны жалпыхалықтық диктантқа қатысты.

Мемлекеттік тілді үйренушілерге латын графикасымен таныстыру сабақтары жүргізіліп жатыр. Бұл аса маңызды іс-шара болғандықтан жиі-жиі жүйелі түрде өткізілуі, оған ұстаздар мен тіл мамандары асқан мұқияттылықпен, жауапкершілікпен дайындалуы азаматтық парыздары мен патриоттық борыштары екені түсінікті. Тіл-ұлттың жаны. Демек, адамның артында оның ісі қалатыны секілді, біздің осы бір өзекті мәселеге тайлы-тұяғымыз қалмай кірісіп тап осы жерде бейқамдық танытып алмай ширақтық танытуымыз құба-құп дегім келеді.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады» деген екен Алаш арысы Ахмет Байтұрсынов. Иә, қазіргі кездері бұқаралық ақпарат құралдарын ашып қалсаң таным көкжиегіңізді кеңейту үшін бірқатар ақпарат таба алатыныңыз рас. Өз басым республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Қостанай таңы», аудандық «Нұрлы жол» газеттерін үзбей оқып тың мәліметтер алып және үнемі әрбір сөз бен таңбаның бейнеленуіне көңіл бөліп отырамын.

Иә, күні бұрын латын қаріптерімен жазып, оқып, оны таңбалап дайындалып алсақ ертеңдер бұл соншалықты қиын іс-шара емес екеніне көзіміз жетер еді. Әсіресе жас буын үшін бұл аса маңызды қадам. Неге десек, олар осал болмауы үшін де латын графикасына өткен шақтарда олар мүдірмей, ежіктемей, жасқанбай, алар ақпаратын қиналмастан алып сабақтарын жақсы оқып елдің тірегі болар саналы азаматтар болып шығуы тиіс қой.

Мемлекеттік тілдің ерекшеліктері мен заңдылықтарына сай болуы маңызды. Қалыптасқан дәстүрге айналып кеткен іргелі нормалардың сақталуы, жазудың ұлттық сипатының сақталуына ерекше мән беріп отыр. Бұған дейінгі жазу тәжірибесі тұрақты болып кеткен нормалары түркітектес халықтардың латын негізді әліпби қолданған жұрттың емле тәжірибелері ескеріліп отыр. Техникалық жағынан қолдануға ыңғайлы болуы да маңызды.

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарының жазылуы, орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтардың бұл реттегі көрініс табулары қандай, латын қаріптерімен жазылған қазақ сөздерінің оқылуы мен жазылуындағы ерекшеліктері және олардың жасалу жолдары, жазу нормаларын қалыптандыратын ережелер жиынтығы – міне, мұның барлығы да бір күнде меңгеріп қана алатындай жүрдім-бардым мәселе емес екені анық.

Латын графикасына көшудегі мақсаттар – кешегі Ұлы Отан соғысы кездерінде аталарымыз бен әжелеріміз майданнан елге хат жазған, тап сол қолданыстағы кездеріндегі ықпал мен беделі зор болған таным көкжиегін

байытуда әлеуметтік мәні зор болған әліпбиді қайтарып алуымыз. Бұл біздің түбір бір түркі тілдес халықтармен саяси-экономикалық және рухани қарым-қатынасымыз бен рухани сабақтастығымызға деген құрмет пен мүмкіндіктер көзі десе де болады. Дүбірге толы дүниедегі мемлекеттердің көпшілігі қолданатын графика болашаққа деген сенімді ұлғайта түседі. Шетелдердегі қандастарымыз да тап осы латын графикасын қолданып келе жатыр. Түркі әлеміне жақындаудан ұлтымыздың ұтылмайтыны жайлы да тұңғыш президент пайымдағаны анық.

Емле ережелеріне келетін болсақ 2018 жылғы 6 желтоқсанда Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия мақұлдаған А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты мен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиясымен бірлесіп дайындаған қазақ тілінің жаңа емлесі бар. Оны зерделеген жанға алар ақпарат аз емес. Жалпы үнемі қарап отырсаңыздар ақпарат айдынында латын графикасына көшудің қыр-сырлары мен мақсаттары жайлы аз айтылып жүрген жоқ.

Апробациялау мәселесіне бүгінде көптеп көңіл бөлінетіні де бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігінен. Өңіріміздегі ұйым-мекемелерге тоқталсақ «Қостанай» телеарнасы мен «Қостанай таңы» газеті бастаманы алғашқылардың бірі болып қолға алған екен. Елдегі газеттердің ішінен «Қазақ» пен «Айқынды» айта кетер едім.

Әлемнің көптеген елдері латын жазуы арқылы ғылым-білім игеріп, озық деген ғылыми зерттеулерден хабардар болып жатыр.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Латын әліпбиіне көшу ана тіліміздің болашағы үшін жасалып жатқан ғылыми мәнді шара» деп мақаласында баса назар аударған болатын. Бұл өнер білімнің, ғылымның алға жылжуы тұрғысында зор мәнге ие іс-шара болғалы тұр. Енді рухани жаңғыруға себепші осы уәжі зор науқанда санаға сілкініс тудыратындай қадамдар жасалуы тиіс. Бұл орайда алты ірі жоба ұсынылғанынан хабардармыз. Үкімет берілген тапсырмаларды қадағалап тиісті шаралар жүргізеді деп ойлаймын.

«Түгел сөздің түбі бір» деген пәлсафалық тұрғыдан қарасақ тілі, діні, ділі бір жұрттардың бірлігі мен мүдде ұқсастықтары да бірден-бір дипломатиялық сындарлы шешім болатыны сөзсіз.

Мемлекеті – Отанына, мемлекеттік тіл мен ел-жұртына пайдалы бола алатын патриот буын тәрбиелеу бүгінгі таңда сіз бен біздің келелі мақсаттарымыз екені белгілі. Бала – шыбық, қалай исең солай өседі. Қазақстандық тың патриотизм құндылықтары мен мұраттары жүйесін дәріптеп ертең оған ие болып шығатын парасатты ұрпақ тәрбиелеудегі атқарылар шаруа ұшан-теңіз.

Бүгінгі нарық заманында бәсекеге қабілеті зор дамыған елдер қатарынан көріне алатын білімді азаматтар тәрбиелеу ауадай қажет мұқтаждықтың, құндылықтың өзі болып отыр. Тіл – қазына. Қатынас құралы. Біле білсек, бұл – рухани мұра. Бабалар табыстаған аманат. Ойлап қараңыздаршы, егер өз тілдері болмаса адамзат ұлттары бір-бірімен несімен ерекшеленер еді? Адам баласы жоғары санасымен ерекшеленер болса, тіл деген бұл жердегі бірден бір іліп

алар қасиет қой. Сондықтан мұның әзір бітпес әңгіме, шын асыл, бағалауға, сақтауға, дамытуға тұратын құндылық екенін бір сәт естен шығармаймыз.

Тіл – дерт. Тек жақсы мағынасынан алғанда мұның терең мәнін түсінуге болар еді. Тіл – күре тамыр.Тілі бірдің – тілегі бір. Осы нақылдардың барлығы да сөзімізге дәлел, оның әлеуметтік аса маңызды рөлге ие екендігіне тағы да бір көзімізді жеткізе түседі.

«Сөзден күшті ештене де жоқ». Бұл пікірдің иесі лингивист- ғалым Ахаң бабамыз. Расында да сөздің қуаты мен әлеуетіне келсек, сүйектен өтіп, жерге қадап жіберіп, адам рухын жаншып та немесе керісінше асқақтатып, аруақтандырып та жібере алады. Ел қорғаған батырларымыз кезінде жауға атойлап, ұрандап рухтарын көтере отырып, қимылдап қарыс жер үшін қан төге отырып, ел намысын қорғап азаттық үшін күрескен. Қазақ – сөзге аса мән берген халық. Билер, шешендер, жыраулар, суырып салма ақындар іспетті таза талант иелері әр сөзге мән беріп, оның мағынасына бойлап ұшқырлықпен түсініп рулар арасындағы алауыздыққа бой бермей мәселелерді шешіп отырған.

Рухани жаңғыруымыздың темірқазығы – мемлекеттік тілімізді жаңғырту, дамыту болып табылады. Ұлттық құндылықтарымызды тарихымыз бен мәдениетімізді жетік білу жағынан тіл тапсырмас құрал. Менің ойымша кітап оқып, жыр жаттап, қазақ халқының менталитеті жайлы молынан хабардар бола отырып, өзіне керегін алатын аралығын таңдап алып, өзіне тән пікір мен дүниетаным қалыптастыра алатын баланың болашағынан үміт күтуге болады.

Әрине, қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің егжей-тегжейлері өте көп, аясы кең тақырып. Сондықтан да бұл ретте, осы қоғамдық-саяси іс-шараны атқаруда жалпы қазақ жұртының: ұстаздар мен шәкірттердің, үлкен мен кішінің, барлық патриоттар мен зиялы қауымның атқарар жұмыстары мен жөн-жобалары әлі көптеп көріне береді ғой деген ойым бар.

Сөздің түйіне келсек, іске сәт дегім келеді. Мен осы жобаның маңызды ғана емес, тіпті де әбден мүмкін және сәттіліктер мен жарқын болашаққа апаратын дара жолдай ерекше екеніне сенімдімін. Қазақ тілі – сырлы да нұрлы, синонимге бай, шұрайлы, әуезді де әдемі, мүмкіндіктері мол көрнекті тіл және оның ертеңі ойдағыдай болуына әр қайсымыздың қосар үлестеріміз де себепші болуы тиіс.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ: БҮГІНІ ЕРТЕҢІ

Смагулова Ж. К.
«Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық
тілдерді оқыту орталығы» КММ,
Арқалық қаласы

Қазақ жазуының тарихы көне түркі, араб, латын графикасымен, қазіргі қазақ жазуы орыс әліпбиі графикасымен тығыз байланысты екендігі баршамызға аян. Әрбір адам өз елінің мәдениеті мен әдебиеті, ата-бабаларының басынан кешкен тарихымен сусындауы қажет. Ал ол үшін сол елдің мәдениеті

мен тарихынан хабар беретін төл жазуы болуы керек. Әр халық өткені арқылы бүгінін таниды. Сондықтан да Қазақстанның әрбір азаматы өз елінің өткенінен, тұрмыс-тіршілігінен хабардар, шұғылданған кәсібі, қалдырған мұрасымен таныс болуы және оны ұрпақтан-ұрпаққа аманаттауы керек. Оны мұра қылып, аманаттау үшін әрине жазудың рөлі басым. Себебі жазусыз мәдениет, мәдениетсіз ел болмайды.

Жалпы жазу жүйесіндегі таңбалардың не бүтіндей хабарды, не жеке сөзді, не буынды, не дыбысты белгілеуіне қарай бірнеше түрлерге бөлінетінін білеміз. Өздеріңіз білетіндей, ең алғашқы жазудың түрі сурет жазуы, яғни белгілі бір суреттер өздігінен қандай да бір хабарды білдірген. Ол кезеңде осы жазу арқылы нені хабарлағысы келсе, соның суретін салған. Алайда бұл жазу арқылы мазмұнды ойды түгел жеткізу мүмкін емес. Уақыт өте келе осы сурет (пиктографиялық) жазудың біртіндеп дамуы барысында идеографиялық жазу пайда болды. Мұндағы басты айырмашылық таңбалардың формасында емес, оларды білдіретін мағынасы жеткізді. Бұдан кейін буын жазуы пайда болды. Яғни белгілі бір әріптер мен буынға бөлінген сөздер белгілі бір мағынаны білдірген. Буын жазуынан кейін әріп-дыбыс жазуы пайда болды. Осы әріп жазуы дүние жүзі мәдениетінің дамуына әсер етті. Аталған жазу түрі тілді тез игеруді, сауаттылыққа үйренуді жеңілдетті десек болады. Зерттелген мәліметтерге қарай түркі тілдері жазуы таңбалы (руникалық) жазу немесе табылған аймақтарына байланысты «Орхон-Енисей» жазуы деп аталды. Дәл осы Орхон-Енисей және түркі жазуы қазақ жазуының алғашқы түрі болып есептеледі. Сол жазумен жеткен ескерткіштердің түркі туыстас халықтардың ру-тайпа кезінде бір орталыққа бағынған, жазу-сызуы, мәдениеті, тұрмыс жағдайы ортақ замандағы жазба мұралары, олардың қазақ халқына да тікелей қатысы бар көне мұралар екенін көруімізге болады.

Тарих бедерінен XI ғасырда арабтардың Орта Азия, Қазақстан жеріне келуіне байланысты бұл жерлерді мекендеген халықтар өмір талабына орай араб жазуына көше бастағаны, ал Түркі туыстас тілдердің көне мұралары біздің заманымызға ескі латын жазуымен жеткенін білеміз, яғни сол кезеңде қазақ халқының мәдени дамуына латын жазуы да белгілі дәрежеде қызмет еткен. Қазақ жазуының тарихы «Көне түркі, араб-латын графикасы» қазіргі қазақ жазуының орыс әліппесі графикасымен тығыз байланысты. Біз қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткендігін, бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келгендігін, 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізгенін және 1940 жылдан бері қарай осы күнге дейін кирилл графикасын қолданып келген жазу тарихы орасан зор халықпыз. Ал қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру арқылы реформалау Қазақстан тәуелсіздік алған XX ғасырдың 90-жылдарынан бері айтылып келе жатқан идея болатын. Яғни кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылды. Бұл жөнінде көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII

сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген салиқалы ойын білдірді. Одан кейінде Елбасы бұл мәселеге қайта оралып, кезекті Жолдауында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшу туралы ойларын таратып айтқан болатын. «Бұл ой еліміз тәуелсіз алғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көп ұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді танудық, дүниені көрдік. Сондықтан латын қарпіне көшкен жағдайда да кириллица көпке дейін қатар қолданылады, екеуі біразға дейін бірге пайдаланылады деп ойлаймын» дей келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» - деген болатын.

Сондай-ақ, тұңғыш президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» - деп, 2025 жылдан Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастан қолға алу қажеттігін атап өткені баршамыздың жадымызда.Содан бері жаңа қазақ әліпбиіне қатысты жұмыстар атқарылуда. Себебі латын әліпбиіне көшу - ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін, әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадамның бірі. Латын әліпбиі бүгінгі ақпарат заманында үстемдік ететін, халықаралық ақпарат кеңістігіне жол ашатын, қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерден арылтып, қазақы тіл тазалығын сақтауға мүмкіндік тудыратын, яғни келешегімізді ойлаған ұлы халық ретінде болашақта елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халқымыздың сауаттылығын танытатын басты көрсеткішіміз болмақ.

Осылайша, ұлт көшбасшысы – Елбасы 2017 жылы сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа қазақ әліпбиіне кезең-кезеңімен көшу бойынша нақты шешімдерін көрсетіп, латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің біртұтас стандартты үлгісін әзірлеуді тапсырған болатын. Осыдан кейін тілтанушы ғалымдар мен IT мамандар бірлесе отырып бірқатар жобалар әзірледі. Алғашқы нұсқада яғни 2017 жылдың қыркүйек айында әзірленген нұсқада қазақ тілінің төл дыбыстары диграф белгілерімен таңбаланды, одан кейін осы жылы 27

қазанда әзірленген келесі әліпбиде төл дыбыстарды апострофты таңбалармен берілді. Аталған екі нұсқада да кемшіліктер туындап, халық арасында түсініспеушіліктер орын алғандығын білесіздер. Ал соңғы нақты нұсқасы 2018 жылы 20 ақпанда бекітілгені де естеріңізде болар. Бұл әліпбиде диакритикалық акут белгілері және екі әріп диграфпен таңбаланатын болып шешілді. Ендігі кезекте жаңа әліпбидің емле ережелерімен жұмыстар жасалуда. Басында наразылықпен үрке қарағанымызбен қазір жалтақтауымызды қойып, ұлттық кодымызды, ұлттық құндылығымызды сақтап, ұлт ретінде дамуымызды басты мақсатқа айналдыру жолында тілтанушыларымыз бен ғалымдарымыз жұмыла жұмысқа кірісіп жатыр. Ал, басындағы «латынның бізге берері не?», «Не үшін латын әрпіне көшуіміз керек?» деген күмәнді ойлармен сұрақтарға мынадай жауап алдық десек болады. Біріншіден латын әліпбиін дүниежүзі елдерінің көбісі қолданылады, яғни тиімді деген сөз. Сол елдердің ішінде бізге, яғни қазақ еліне мүлдем таңсық дүние емес, себебі еліміздегі «Үштұғырлы тіл» саясатын жүзеге асыру бағытында ағылшын тіліне баса назар аударылып келеді. Мектеп қабырғасындағы балаларға мүлдем қиындық туғызбайды. Себебі олар латын әріптерін біледі. Ал одан жоғары буынға келсек, еліміздің әрбір сауатты азаматы белгілі бір дәрежеде мектепте, ЖОО шет тілін меңгергенін ескеруіміз қажет. Ал тіптен мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда тіл үйренуге деген ынтасы бар, алдына мақсат қойған кез-келген адамға жаңа әліпбиді үйрену қиындық туғызбайды деп ойлаймын. Өйткені өзіміз қаласақ әлемде күрделі саналатын қытай тілін де үйреніп алып жатырмыз. Әрине, қарсы пікірлердің де өзіндік орны бар, себебі болашаққа деген алаңдаушылықтан туған қазіргі жазумен хатқа түскен әдебиеттерді оқи алмай қалмаймыз ба?, қаншама уақыт және қаржы кетеді, жаппай сауатсыздық орын алмай ма? деген ойлар болатын. Жаңа қазақ әліпбиін әзірлеу барысында мұндай кедергілерден қалай өту жолдары тыңғылықты зерделеніп, ескерілген. Небір зұлмат заманды басынан кешірген дана халқымыз ешқашан сауатсыз боп қалмаған. Небір тектілер қазақ ұлтынан шыққанынан ескерсек дәл бүгінгідей ғылым мен білім, ақпараттық технологиялар дамыған заманда сауатсыздыққа мүлдем жол жоқ.

Жаңа әліпбиіміз қазақ тілінің төл заңдылықтарын сақтаған, сонымен қатар жас ұрпақ қолдана алатын, XXI ғасырға лайық, озық үлгіге айналатынына сенемін.

Бұл ретте тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мемлекеттік тілдің болашақта үстем болатындығын айта келіп: «Осы контексте қазақ жазуының кириллицаның периферияльық нұсқасы болып отырған бүгінгі жағдайынан арылуымыз қажет» деген болатын. Ал біздің жаңа қазақ әліпбиіміз біздің тәуелсіз ел ретіндегі өзіндік еркін таңдауымыз болмақ. Ендеше бұл стратегиялық қадамның дұрыс – бұрыстығын емес, оны орайымен орындаудың амалдарын қарастырсақ биік мақсаттарға жететініміз анық. Ұлт көсемі А.Байтұрсынов атамызша айтсақ, елінің бүгіні емес, ертеңі үшін алаңдаған зиялылармызға қолдау көрсету біздің азаматтық парызымыз деп есептеймін. Себебі жаңа әліпби ұлтымыздың санасын құрсауланған бұғаудан босатады, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. «Ұлттың сақталуына да,

жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» десек сол тіліміз, яғни қазақ жазуы қазақ елін биіктерге бастайтынына сенімім кәміл!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Жолдауы.- Астана, 2012 ж.
2. 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер: - Қарағанды: ҚарМУ, 1994.-19-22 б.
3. С. Хасанова. Көне Түркі, араб, латын графикасы. Алматы 1994 ж.
4. Ә. Құрышжанов, М. Томанов. Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихымен грамматикалық очерктері. Алматы, 1964 ж.
5. Парасат журналы №11, 2017 ж.
6. Тіл және қоғам №1, (47) 2018 ж.

ОСОБЕННОСТИ ВНЕДРЕНИЯ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Сулейменова М.Е.
«Костанайский гуманитарный колледж»

«Общественное сознание требует не только выработки принципов модернизации, но и конкретных проектов, которые могли бы позволить ответить на вызовы времени без утраты великой силы традиции. Я вижу несколько конкретных проектов, которые можно развернуть в ближайшие годы. Во-первых, необходимо начать работу для поэтапного перехода казахского языка на латиницу».

Назарбаев Н.А.

В современном мире латиница является наиболее распространенным письмом по сравнению с кириллицей и арабицей. Латинский алфавит применяют вся Америка, Австралия, большая часть Европы, половина африканского континента. Она признанно считается международным и универсальным средством коммуникации. По разным оценкам примерно 40% от населения земного шара, или около 80% стран мира, используют латиницу, а вся площадь государств, в которых пишут латиницей, составляет почти 60% всей суши.

Одним из весомых аргументов перевода казахского алфавита на латиницу является тот факт, что из пяти тюркоязычных стран бывшего Советского Союза Азербайджан, Узбекистан и Туркмения уже осуществили изменив своей письменности. Первым этот процесс начал Азербайджан в 1991 году. Диалоговый процесс удается на высшем уровне, организуются саммиты лидеров стран, двусторонние встречи. Объединяющим началом для тюркоязычных народов становится общее стремление к самоидентификации и

интеграции в мировое сообщество. Многие полагают, что переход на латиницу позволит создать единую коммуникационную базу для тюркских народов, которая будет заключаться не в легком освоении западных языков из-за общей латинской графики, а в укреплении тюркского языкового единства. Это очень серьезный импульс, приобретение статуса значимого субъекта мировой политики, выход страны на новый уровень развития международных отношений, межгосударственных связей в значительной мере способствовали вхождению республики в мировое образовательное пространство, что в свою очередь актуализировало приоритетные направления современного образования, модернизации общественного сознания, в контексте которого процесс перехода казахского языка на латинскую графику будет способствовать его включению в мировое информационное пространство. Языки, которые не развиваются обречены на забвение. Поэтому значимость перехода на латиницу для развития и укрепления казахского языка трудно переоценить. Латинский алфавит – инструмент современной коммуникации.

Модернизация происходит во многих славянских языках, в том числе в русском и белорусском языках. Языковые нормы постоянно меняются и становятся гораздо шире. Успешный переход казахского алфавита с кириллической графической основы на латинскую сыграет позитивную роль в процессе укрепления независимости РК и формирования самостоятельной национальной идентичности казахстанцев. В программе «Рухани жангыру» - плюсы перехода на латиницу. Казахстан интегрируется в мировое информационное пространство. Все наши ресурсы цифровые будут доступны для всех пользователей латинского алфавита в мире. Они смогут читать, анализировать. То же самое касается наших книг, наших культурных вещей - они станут доступны огромному количеству людей, которые владеют казахским языком, но не читают на кириллице. Дело в том, что в мире большое количество этнических казахов живет и в Китае, и в Монголии, и в других странах, которые часто при помощи различных конвертеров конвертируют текст и читают наши классические произведения на казахском языке, но только при помощи латиницы это возможно.

Созданы учебники и учебно-методическая литература нового поколения. Содержание второго, основного, этапа заключается в ведении двуязычного и трехъязычного (Конституцией закрепленного казахского языка - государственного, русского языка - официального, английского языка-международного общения) образования в школах.

Переход к латиницепланомерный подход к подготовке специалистов по многоязычному обучению в педагогических колледжах, институтах и университетах. Уделяется особое внимание выпуску специалистов, преподающих на государственном языке. Налажена система переподготовки кадров учителей и преподавателей, в первую очередь, учителей казахского и русского языков. В целях возрождения родного языка этнических групп в местах их компактного проживания продолжается развитие сети дошкольных учреждений, школ, лицеев, гимназий. Немаловажным фактором в освоении латинской графики, должны сыграть специально подготовленные специалисты

в области лингвистики, что потребует дополнительных затрат, для исключения разночтения и понимания в написании и произношении вводимого письма, что должно стать основой «безболезненного» употребления в быту. Обращаясь к истокам истории, мы наблюдаем поэтапное внедрение латиницы, когда «…обучение в школах и учебных заведениях вводилось сразу же, а делопроизводство на основе латинского алфавита вводилось в течении нескольких лет. Одновременно на местах в массовом порядке проходило обучение латинскому алфавиту с охватом почти всего взрослого населения. Постепенно латинский алфавит полностью вошел в сферу образования, науки и культуры, в быт казахского населения»[4]

Для дошкольных учреждений разработаны программы воспитания и обучения, учебно-методические пособия и фильмы, компьютерные игры на национальных языках. Внедрены в школах интегрированные курсы "Казахский и иностранные языки", "История культуры народов Казахстана и мировая культура" и т.д. Создаются условия для работы музеев, фольклорно-этнографических ансамблей, комплектования библиотек учебной, научно-популярной и художественной литературой на национальных языках, в том числе путем ее приобретения за пределами Казахстана. Переход казахского языка на латиницу позволит обогатить государственный язык, что сохранит его самобытность и своеобразие звуковой системы. Более того, следует отметить, что именно латинский алфавит лидирует на сегодняшний день в глобальном информационном пространстве. Даже в таких странах как Индия, Китай и Япония, где используется традиционная письменность, в сфере бизнеса и развитии технологий максимально применяется английский язык.

Сегодня в республике созданы все условия для перехода казахского языка на латиницу. Общество, государство, все социальные группы, молодежь, представители бизнеса и науки используют латинскую графику.

Возвращение к латинской графике даст мощный толчок в популяризации казахского языка внутри страны. Латиница - это базовый элемент культурной открытости Казахстана всему миру. Новая графика, ближе фонетическому строю казахского языка, именно поэтому она должна способствовать изучению и распространению государственного языка. Конечно, в первую очередь рассматривается сама методика обучения, потому что казахский язык на латинице нужно не только преподавать школьникам и студентам, нужно обучить и педагогов, при совместных усилиях объединить в единое целое общую мысль ученых, а также создание единой базы из лучших методик обучения.

В учреждении «Костанайский гуманитарный колледж» в рамках методической недели организовали и провели для преподавателей курсы по изучению латинской графики, в ходе которого ознакомили с основой латинского алфавита. В семинаре по изучению латиницы с заявленной темой: «Переход к латинской графике как инструмент функциональной грамотности обучающихся», выступили преподаватели цикловой методической комиссии филологических дисциплин. Практический семинар о переходе на латинскую

графику прошел в колледже, с участием преподавателей университетов ведущих подготовку будущих специалистов филологов.

Диктант натему "Рухани жангыру" прошел вовсех городах страны участники написали текст, используя новый казахский алфавит налатинице, в нем приняли участиекак преподаватели так и студенты колледжа.

Студенты всех специальностей под руководством преподавателей колледжа принимали активное участие в студенческой научно-практической – конференции, в которой докладчики представили статьи на латинской графике. Переход на латинский алфавит – не только требование времени, это возвращение к своим корням и вместе с тем возможность технологической интеграции. Латиница способна передать все его фонетические особенности и сохранить звучание специфических букв.

Цивилизованный мир давно пользуется латинской графикой. Латиница используется в более 100 странах мира.

Таким образом, переход казахского языка на латинскую графику в основном воспринимается как прогрессивный шаг, нацеленный на модернизацию сознания казахстанцев и расширяющий коммуникативные горизонты общества.

Использованная литература:

1. Батыр Алекперов «Переход казахского языка на латинский алфавит неизбежен?»

2. Латинизация узбекского алфавита: комментарии специалистов

3. Интервью заместителя директора Института языкознания имени А.Байтурсынова, к.ф.н. Анар Фазылжанова

4. Национальный научный портал Республики Казахстан «Зарубежный опыт по введению нового алфавита»

5. Газета Ак Жаик «Деятели культуры поддержали переход казахского языка на латиницу» 26 января 2013

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЛАБЫ

Тоқсан Ж. Е.
Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты

Жаңа әліпби заманауи технология тілімен үндес болғандықтан, латын әліпбиіне көшу уақыт талабы болып отыр. XXI ғасыр- ақпарат ғасыры, ендеше ақпараттың басты құралы - жазу. Яғни, ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы - латын графикасы болып отырғандығы баршаға мәлім.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастаумыз керек. Біз бұл

мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. [1, 15]

Еліміз бен балаларымыздың болашағын ойлаған адамға шын мәнінде латын әрпіне көшу қажет. Өткен ғасырдың 1929-1940 жылдары латын әрпінде болдық. Бүгінде кез-келген азамат латын әліпбиін білмесе де оның ішіндегі әріптерді оқи алатынымызға сенімдімін. Орыс, ағылшын тілдерін де үйреніп, ана тіліміздей меңгеріп жатырмыз. Сондықтан қиындықтар тумайды деп білемін. Жастар қазіргі 42 әріпке қарағанда 25 таңбадан тұратын латын әліпбиін тез үйреніп алады.

«Не үшін латын әрпіне көшуіміз керек?» - деген сұрақ төңірегінде көп ғалымдардың ой-пікірлерін оқып , таныстым. Елбасымыздың бұл пікірімен де толықтай келісемін. Дамыған 30 елдің қатарына кіруді жоспарлап отырған мемлекетіміздің солармен терезесі тең болуы үшін де бұл реформа қажет. Саяси маңыздылығы жағынан айтқанда, криллица мен сіңіп кірген отарлақ санадан арылу үшін де оның саяси маңызы зор. Екіншіден, латын жазуы қолданысқа оңай, игеруге ыңғайлы. Оған қос жаратылыстану ғылымдары жағынан да қолданыста дәлдігі мен қолайлылығын дүниежүзінің өмір тәжірбиесі дәлелдеді. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулылары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер – барлығы да латын әліпбиімен тығыз байланыста екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлдеқайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады.

Латын әрпіне көшу – түбі бір, тарихы ортақ түркі халықтарымен жақындастыра түсетіні де маңызды факторларының бірі. Олармен бірлесе отырып, гуманитарлық ғылыми- зерттеулерді жаңа сатыға көтеруге мүмкіндіктеріміз көбейеді.

Қазақ әліпбиі мен жазуын латын қарпіне көшіру мәселесі туралы еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап ғылыми ортада сөз қозғала бастаған еді. Ғылыми қауыммен кездесулерде, басқа жағдайларда да тіл мәселесіне ерекше назар аударып жүретін Елбасымыз Қазақстан халықтары Ассамблеясының 2006 жылғы 24 қазанында өткен XII сессиясындағы сөзінде «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Біз кездері біз оны кейінге қалдырған едік», - дей келіп, «Біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», - деген болатын. Одан кейін 2012 жылғы «Қазақстан-2050 Стратегиясы» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. «Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Өскелең ұрпақтың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлемнен бірлесе түсуімізге, өскелең ұрпақ ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеркге, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», - деп тағы да атап көрсеткен еді. Ал 2017 жылғы сәуір айында

жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», деп нақты тапсырма берген болатын. Латын әліпбиі туралы алғаш сөз қозғалғаннан бері ғылыми ортада латын әліпбиінің мүмкіндіктері мен оның қазақ әліпбиіне көшіру мәселесі жөнінде түрлі дәрежедегі талқылаулар болып, көптеген ғылыми зерттеу мақалалары, түрлі авторлардың құрастырған әліпбилері де жарияланған болатын. Мамандар айтып жүргендей, біз латыншаға көшу арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды, әуезді дұрыс айтып, таңбалай аламыз. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан да, ғылым-білім тұрғысынан да, заман талабына сай даму үшін өте маңызды. Латын графикасына көшу жай қаріпті ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Себебі, дүниежүзі халқының 80 пайызы қолданатын латын қарпіне көшу озық инновациялар мен жаңа технологияға бір табан жақындаудың белгісі. Болашақта жастар осы мүмкіндіктер арқылы электронды ақпарат құралдарын да жылдам игеретін болады. Сондықтан да болашағымызды байланыстырып отырған әліпбиіміздің «айналасы жұп-жұмыр, кедір-бұдырсыз, теп-тегіс » болғанын қалаймыз. [2, 11]

Қазақ әліппесін латын графикасына көшіру Елбасымыз жариялаған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өзекті мәселелерінің бірі. Жалпы, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты пікір-ұсыныстар, толғамды әңгімелер Қазақстан тәуелсіздік алған кезеңнен бастап көтерілді.Бірақ сол кездегі қалыптасқан күрделі экономикалық жағдайлар мен қоғамның тыныс-тіршілік бағдары саяси шешім қабылдауға тежеу салды. Себебі, өте күрделі, ауқымды мәселе еді. Өйткені, әліпби ауыстыру – саяси мұратты, экономиканы, әлеуметтік, лингвистикалық, мәселелерді тұтас қамтитын күрделі құбылыс, кешенді мәселе, ауқымды тірлік.

Әліпбиді латынға көшіру түркі әлемімен бір мәдени кеңістікте болып, оны бекіте түсуге скптігін тигізеді. Түркі тектес халықтар Еуразия құрлығының басым бөлігіне шашырай орналасқан. Қазіргі таңда түркі тектес халықтардың саны 150 миллионға жақындады. Қазіргі таңда бұл кеңістікте үш әліпби үлгісі - латын, кирилл, араб қолданыста. Аталмыш әліпбилердің арасында латын графикасын қолданатын түркі мемлекеттерінің үлесі басым. Демек, қазақ халқының жазуын латын әліпбиіне көшіру мәдени һәм рухани байланыстарды кеңейте түседі. Сонымен қатар, ол Европалық одақ секілді экономикалық, мәдени-рухани, бейбіт пен татулық кеңестігін құрудың алғышарттарының бірі.

Латын әліпбиіне көшу барысында заң терминдерінің орфографиясы мен емлесінің мәселесі төңірегінде ортаға салар бірқатар жайттар баршылық. Бүгінгі таңға дейін екшеліп, реттелген, мемлекеттік тілде баламасы табылып, қолданысқа енген, уақыт сарабынан өтіп, жинақталған терминдердің жаңа әліпбидің ерекшелігіне сәйкес жазылуы қандай болмақ деген сауал туындайды алдымен. Заң терминдерінің көпшілігі орыс тілінен аударма жасау нұсқасында қолданысқа еніп келе жатқаны баршамызға мәлім.Тіпті халықаралық ортақ қолданыстағы бірқатар терминдердің өзі ұлттық тілімізде орыс тілінің заңдылығынан ауытқымай жазылатыны да өзгермейтін қағидаға айналды. Осыған дейінгі ана тіліміздің орфографиясы таза өз тіліміздің емлесі мен

орфографиясына негізделмеген болатын. Соның салдарынан шет тілінен енген терминдер, әсіресе заң терминдері кирилл әліпбиіне негізделіп жасалады. Түбірі латын, грек тілінде жазылған терминдер орыс тіліндегі түрлі жұрнақтар арқылы транскрипцияланған тұлғасында ұлттық заң лексикасының қорына енді.

Латын графикасына көшу тек әліпби ауыстырумен ғана шектелмесе керек. Бұл – шын мәнінде үлкен реформа, ұлттық тілімізді жаңартудағы, тіпті ауқымды тұрғыдан алғанда, ұлттық санамызда рухани жаңғырту бағытындағы реформа. Әрине кез келген реформа қиындықсыз іске аса қоймайтыны белгілі. Сол себепті, латынға көшу барысында, біздер дыбыс-әріп-емле үштігінің тұтастығын ғылыми-тәжірибелік әрі әдістемелік тұрғыдан ұштастыра білуіміз қажет.

Қоғамның рухани дамуына жаңа үрдіс беріп отырған бұл реформа мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге де зор үлес қосады. Сол тұрғыдан келгенде ұлттық әліпбиімізді латын графикасына негіздеу – уақыт талабы. Әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің 112-сі, былайша айтқанда, әлем халықтарының 60 пайызы, яғни 4,5 миллиарды өздерінің жазу-сызу мәдениетіне латын әліпбиін қолданады екен. Ежелгі төл жазуларының дәстүрінен айнымай келе жатқан Қытай мен Жапония сияқты өркениетті елдердің өзі де соңғы жылдары барлық жарнама агенттіктерінің ақпараттық аталымдарын латын әліпбиімен жаза бастағаны да баршаға мәлім. Міне, осы деректердің өзінен ақ латын графикасының дүние жүзі аумағындағы маңызының айрықша мәнге ие бола бастағанын аңғару қиын емес.[3, 11]

Латын әліпбиіне көшу тілімізді шұбарландырудан арылтады десек, ұлттық заңнама терминдерінің де, сапалық жағынан оң өзгерістерге ұшырайтыны ақиқат. Осы кезге дейін кирилл графикасының ықпалымен дұрыс жазылмай, орыс тілінің фонетикасына сай айтылып, жазылып келген бірқатар терминдер өзінің шынайы ұлттық сипатын иеленді. Бұл бірінші кезекте заңнама терминдеріне де қатысты мәселе. Бүгінгі таңда жинақталып, сараланған және заң лексикасының негізін құрап отырған, қолданысқа енген термин қорын латын әліпбиіне көшіруге ыңғайлау жұмысы қазірден бастап қолға алына бастауы тиіс.

Кешегі кеңес дәуірі тұсында 1929-1940 жылдары қазақ жазуы латын графикасын қолданды. Бұл сол кездегі жүйеге тән директивалық тұрғыда тез әрі жылдам жүзеге асырылды. Сондықтан, сол кездегі қолданыстағы латын графикасын жетілдіру мәселесі 1937 жылдарға дейін жалғасты.

Тәуелсіз Қазақстанның латын графикасына көшу туралы талпынысы кешегі кеңестік дәуірдегі көшуден өзгеше түрде жүзеге асырылып жатыр. Алдымен, қазақ әліпбиінің үлгісі жұртшылықтың, қоғамның талқылауынан өткізіліп барып, бірнеше рет түзетулер мен өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асты. Латын әліпбиіне көшу арқылы әлем қазақтарының басын қосуда үлкен жеңіске жетуге болады. Қазақ жазуының бірлікке келуі арқылы ел бірлігін нығайтуға, әлем қазақтарының мәдениет және тәжірибелерін алмастыруда игі істер атқарылар еді» дейді шетте жүрген қандасымыздың бірі Ұлан Бақытұлы. Оның айтуынша, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Қазақтардың басын

қоспай, қазақ қазақ болмайды» деген сөзін естен шығармауымыз керек. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркіт Аяғанның пікірінше, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Өйткені, әлемнің 100-ден астам мемлекетінде латын әліпбиі қолданылады. Елбасының алдағы жылдарда мықтап қолға алуды қажет деп санаған жобаларының бірі – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау. Осыдан бес жыл бұрын қабылданған «Қазақстан-2050» стратегиясында латын әліпбиіне көшу 2025 жылдан басталатыны туралы жарияланды. Латын әліпбиіне көшу жөніндегі мемлекеттік комиссия да құрылып, құрамы бекітілді. Латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауға тапсырма берілді.

Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы - жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман - жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет, агент т.б. арқылы хабарласулар - бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отырған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Ендеше латын әліпбиінің болашағы да зор.

Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ. Тұтастай алғанда, латын әліпбиіне көшуіміз – дұрыс таңдау. Жастар жағы латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез меңгеріп алады. Мектепте ағылшын тілі оқытылатындықтан, олар латын әліпбиін тез қабылдайтыны сөзсіз. Жаңа латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы, әлемдік жаңа технологияларға бейімделген, қазақ тілінің, сондай-ақ Қазақстанда тұрып

жатқан басқа да сан ұлттың тілдік жағдайларын да қамтитын жақсы алфавит болып шықты деп ойлаймын. Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады демекпін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қостанай таңы №13 (18812), 30 қаңтар 2019 ж
2. Қостанай таңы №7 (18806), 16 қаңтар 2019 ж
3. Қостанай таңы №7 (18806), 16 қаңтар 2019 ж

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Тоты Ә. А.,
Қостанай аудандық тілдерді оқыту
орталығы, Қостанай ауданы,
Затобол кенті

Латын әліпбиіне көшу туралы мәселе тәуелсіздік алған жылдардан бастап көтеріліп келеді. 2006 жылы Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес.

Әрбір қоғамдық ой өз дәуірінде ғана туады. Уақыт ағымы өзгерсе де, адам болмысы мен ұлттық құндылықтар өзгермеуі тиіс. Сол ұлттық құндылықтарды жеткізетін – тіл. Ол – ұлттың жаны, рухының үні, ең құнды дүниесінің алтын қоймасы. Ал тілді жазбаша жазып таңбалайтын – әліпби. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы баршамызға айқын бағдаршам іспетті.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жоғарыда аталған бағдарламалық мақаласында бүгінгі ғана емес, келер ұрпақ үшін де аса маңызға ие, ұлы көшке бастар тағы бір игі бастаманы қолға алуды ұсынып отыр. Ол – латын әліпбиіне көшу жөніндегі бастамасы. Елбасы бұл туралы көптен бері айтып келеді, дегенмен, дәл осы жолы қоғамның алдына латын әліпбиіне көшуді маңызды міндет ретінде қойып, оған көшу үшін өте маңызды іс-шаралар мен ұлт үшін маңызды қадамдарға батыл қадам жасауды тапсырды. Қазіргі кезде өз ұлтының тағдырына жаны ашитын, елім дейтін, әсіресе, ұлтының ана тіліне, мемлекеттік тілге, осы тіл арқылы ертеңге ұмтылып отырған қазақ халқының тағдырына алаңдайтын ел азаматтары өз ойларын ортаға салып, пікір-ұсыныстарын білдіріп жатқан тұста жайбарақат жату «қазағым барда, мен бармын» деп жүрген менің де жанымды жай таптырмады.

Ең бірінші мен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегіне кеңірек тоқталғым келеді. Бұл мақаланы оқып шыққан санасы бар кез-келген адамның өліп жатқан рухы тіріліп, мен қазақпын деп атып тұратындығына мен кәміл сенемін. Алты бағыттан тұратын бұл дүние, әрине, осыдан бұрынырақ, экономикалық мәселелермен қатар жүргені дұрыс болар еді дегендерді де құлағымыз шалып жүр. Бірақ, аш болған адамның рухани қазынаға мән бермейтіндігін ескерген Елбасы халқының экономикалық-әлеуметтік жағдайы жақсарып, жоғалғанын енді түгендей бастаған тұсында көптің көкейіндегісін тамыршыдай дөп басып, бұл бағдарламалық мақаланың жариялануы, Ұлы таудың баурайында ата-бабаларымыздың рухына тәу ете тұрып халқына Көктүріктің ұлы рухымен сөз арнауы көрегендік, елінің ертеңін болжай білгендігі деп бағалаймын.

Шүкір, қазір Қазақстан халқының жағдайы жақсы. Озық отыз елдің қатарына ілігеміз деген ұлы мұратына халық тек экономикалық игілікпен ғана қол жеткізбейді. Озық мәдениеті мен толағай толымды тарихымен халқының жанымен, рухымен мәңгі бірге жасайтын тілімен, яғни, рухани құндылықтарымен де қолжеткізуі керек. Осы тұста Елбасы дүйім дүниеге қазақ тілінің үнін жеткізер қаріп – латын екендігіне көз жеткізді.

Бүгінгі латын әліпбиін таңдаудың жөні де, реті де бөлек. Яғни, басты мәселе қазақ әліпбиін латын әліпбиімен таңбалау. Ол – ұлт мұраты мен міндетіне қызмет ететіндей болу. Айдос Сарым: «Бүгінгі латынға көшу отарлық қалыптан шығу, отарсыздану үшін қолға алынып жатыр», – депорынды ой айтса, сондай-ақ, ең негізгі Елбасы айтқандай, «әлемкөшінен қалмай ілгерілеу».

Иә, біз латын әліпбиі арқылы алтыалаштың тілін алтықұрлыққа танытуға ұмтылып отырмыз. Біз осыны бағалай білейік. Үштілділік тұғырнаманың түп тамырында да осы латынға деген бетбұрыс жатқандығын санасы бар жұрт түсінер. Әйтсе де, латын әліпбиі дегенде жұрттың пікірінің екіге жарылып тұрғандығын да мойындауымыз керек. Тіпті, алаш қайраткері, ұлы ағартушы, қазақтың тұңғыш әліппесін құрастырған Ахаң, Ахмет Байтұрсыновтың латын қарпіне көшуге қарсы болғандығын алдыға тартып, соны қару етіп кезеніп отырғандар да бар. Осы мақаласында Елбасы бірінші етіп сананы алға тартты. Ұлттық тәрбиені қолға алу керектігін айтты. Ондағысы ұлттық тәрбие жастардың санасына сәуле түсіріп, ойын ұлтына бұрады деген үміті еді.

Дана қазағым «қора толған қой бер, бесіктолған бала бер, ол балаға сана бер, сана бермесең ала бер» деген қатаң пәл сапасын ойымызға алсақ, санамыз түзелмей еш нәтижеге қолжеткізбей-тіндігіміз, санамызды ашпай ұлттық мүдделерімізге жанымыздың аши қоймайтындығы белгілі, ал екінші міндет прагматизм, яғни, кешегі мен бүгінді салыстырып, бағамдай білу дегенді меңзеп отыр. Міне, осы тұста біз латын әліпбиін қолдану арқылы кешегі тарихымызбен қайта қауышып, оны қазіргі кезеңмен салыстырып бағалай білуге, өткен тарихымызбен қауышуымызға мүмкіндік аламыз.

«Әліпби – тек графикалық сызба емес. Ол күллі бір жұртшылықтың даму траекториясына әсер ететін құрал». Сыртқы формасымен өлшесек, латын қарпі – ғаламдық қауымдастыққа интеграцияланудың алтын көпірі. Көшудегі артық-

шылықтары мен ауыртпашылықтары туралы ашық та кең түрде қозғауымыз керек-ақ.

Қазақтың әліпбиі де ұлтының тағдыры секілді талай тарихи кезеңдерді басынан өткергендігін білеміз. Алдымен арабша, 1929 жылылатын, одан кейін жиырмасыншы ғасырдың қырқыншы жылдарының басынан бастап, күні бүгінге дейін көпдүниемізді кері тартпа мүддемен түзген кириллицаны қолданып келеміз. Бұл қаріп бізді көштен қалдырған жоқ, дегенмен, ұлттың ұлы тарихын, ұлтымыздың бүгінгі ұлымұратын әлемге танытуда аяққа тұсау болып отырғандығын жасырмауымыз керек. Олай болса, біз неден аяқтартуымыз қажет. Жоқ, еш нәрседен тайсалмай латын әліпбиіне көшуді ел дамуының ең басты мүддесі ретінде қарастырып, оған ұлт болып тұтасып кірісуіміз қажет.

Иә, мен әліпбиді ауыстыруды өте орынды деп есептеймін. Қазақ әліпбиі кириллицаға тәуелділіктен арылар еді. Қазақ әліпбиінің кириллицаға тәуелді болуы қазақхалқының ұлттық рухының қайта түлеп, жаңғыруына жол бермейді. Ағайын, шын мәнінде ұлтымыздың рухани баюына себін тигізетін, ұлттың келешегін кемелдендіретін, әлем көшіне ілестіретін жақсылықты жатсынбайық. Әлемдегі халықтардың басып өткен даму жолдарын сараптайық та, ұлттық мемлекеттік идеяны бетке алып, отарландыру саясатының ықпалының сарқын шағынан арылуды ойлайық.

Қазақтыңға сырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани тәжірибесін жоғалтпай, жаңғыртқымыз келсе, бұл мәселеге терең бойлап, толымды ой қозғап, құнды пікірлерге ғылыми сараптама жасап, сөйлеу, сөз құрастыру үндестіктерін, қалыптасқан психологиялық ерекшелігін ескеріп, қазақ әліпбиін бүгінгі қоғам талабына орайластырғанымыз орынды. Бұл қадамның халқымыздың келешектегі бір тұтастығына, тілдің табиғи дамуына септігін тигізері хақ.

Ұлттың келешегін ойлайық, ағайын! Бұл – уақыт талабы. Ұрпақ – болашақ тұтқасы. Әр жылдың әрі бар, өшпес ізі бар, қалдырған өнегесі бар, сөнбес оты бар, таңбасы мен тағылымдық жалғасы бар.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу – ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жолашады демекпін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы
2. Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет
3. «ҚазАқпарат» – Қазақстан және әлем жаңалықтары InformKzKazAkparat
4. Ел жаңалықтары. kaz.tengrinews.kz

БАБАЛАР ЖАЗУЫ БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ

Тулекеева С.А., Қазымова Ж.С
Қостанай облысы, Жангелдин ауданы
әкімдігінің «Аудандық тілдерді оқыту
орталығы»КММ

Қазақ жазуының тарихы көне түркі, араб, латын графикасымен, қазіргі қазақ жазуы орыс әліпбиі графикасымен тығыз байланысы. Қазақ әліпбиі соңғы 100 жылда екі рет ауысты. Х ғасырдан ХХ ғасырдың басында Қазақстанда арап әріптері болған. Сөздер оңнан солға қарай жазылатын. 1924 жылы бұл әліпбиге қазақ фонетикасына байланысты өзгеріс енгізілді, ал 1929 қаріпті латын алфавитіне-яналифқа ауыстырылды. Осы кезде латын жазуы қолдаушылар мен араб жазуын қолдаушылар арасында қақтығыстар көбейді. Дау-дамай латын әріптері қазақ тілінің ерекшеліктерін жеткізе ала алады ма деген тақырыптың айналасында болды. Араб графикасын атақты ағартушы, біздің жерлесіміз Ахмет Байтұрсынов қолдаған. Ол қазақ тілінің латын қаріптері туралы ғылыми негізделген «төте жазу» жұмысының авторы болды. Бұл жазуды шет ел асып кеткен қандастарымыз әлі күнге дейін қолданады. 1940 жылдың басында совет үкіметі жалпыұлттық кириллизацияға көшті. Араға 77 жыл салып, біздің әліпби тағы да латын қаріптеріне көшу туралы шешім қабылданды. Қанша әліпби өзгерсе де қазақ халқының әдеби мұрасы бай. Қазақ халқы қандай да өзгеріске үйреніп, оны қолданысқа енгізе алатын жан-жақты халық. Марқайып айтарлықтай ақын-жазушыларымыз да жетерлік. Әсіресе, сол заманда ағарту саласына көп үлесін қосқан Ахмет Байтұрсынов Торғай даласының тумасы яғни біздің жерлесіміз.

Тарих қойнауына үңіле қарайтын болсақ, ақын-жазушыларымыз тұрмыс болмысын немесе сол дәуірдің өмірін шығармаларында көрсете білген. Солардың бірі, Торғай өңірінде дүниеге келген, қазақ халық ақыны Нұрхан Ахметбеков.

Нұрхан ақын 1903 жылы Қостанай облысы Жангелді ауданы Жаркешу ауылында дүниеге келген. Қазақстанның халық ақыны (1963) Ахметбеков классикалық шығыс үлгілерінің желісіне орайластырып бірнеше дастан шығарған.“Мың бір түн” ертегісінің оқиғасына байланыстырып “Қамарлы заман”, “Албан Жұпар ханым” (1939-1940) өткен кезеңдердегі тарихи оқиғалар сюжетіне “Есім сері” (1929), “Қарға”(1938) дастандарын жазды.“Күләндам” (1934) дастанында 1932-1933 жылдардағы қазақ, даласын жайлаған алапат аштық тұңғыш рет шынайы көрсетілді. Ақынның ұзақ жылдар талмай жырлаған сүйікті кейіпкері – Амангелді батыр бейнесі. “Үрпек соғысы” (1944) өлеңі кейін “Амангелді” дастанына ұласты. “Жасауыл қырғыны” дастаны оқырмандардың жоғары бағасына ие болып, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды (1951). 1940 жылдары жазылған «Айбынды қызыл Армия» атты өлеңінің түпнұсқасында латын әріптермен жазылған.

«Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры», деп Б.Момышұлы бекер айтпаған. Қазақ тілі халық тарихымен

бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жататынын бәріміз білеміз. Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне ең жақындары ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарашай-балқар тілдері.

Нұрхан Ахметбеков атындағы мұражайынан
1940 ж

Қазақ тілі – өркендеген мәдениеттің тілі, ғылыми тіл, ресми іс қағаздарының тілі. Сондықтан, мемлекеттік тілді өміршең тілге айналдыруымыз керек. Кез келген елдің даму деңгейі әлемдік жаңа технологияларды қолдану деңгейімен өлшенетіні белгілі. Көптеген елдерде компьютерлік бағдарламалар өз ана тілінде қамтылған. Жапонияда жапон тілі болса, Қытай тілі, т.с.с. Біздің де ана тіліміз-біздің мақтанышымыз. Латын қарпінің көмегімен біздің тіл де дамып, шетелде танылады деген үміттеміз.

Мазмұны

Aıatov A.S. LATYN GRAFIKASY – ELIMIZDIÑ DAMÝY MEN BOLASHAǴY……..... 5
Айтмагамбетова Д.К. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ИГІ ҚАДАМДАР.. 8
Арыстан Н.Н. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҺАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ САҚТАП ҚАЛУ ЖӘНЕ КЕЛЕР ҰРПАҚҚА ДӘРІПТЕУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР 11
Базарбай М.М. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ЕРТЕҢІ…… 14
Базарова Г.Б. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ…….. 18
Бектасова А.А. КӘСІПТІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНДА БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА КӨПТІЛДІ ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ…….. 19
Билялова А.Т. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР БАҒЫТ…….. 22
Бондаренко Ю.Я., Борисова А.П. ПРОБЛЕМА СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНО-ЯЗЫКОВОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ И МИРОВОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ….. 23
Досанова А.Ж. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ…… 27
Жамалова С.А., Сүндетбаева М.Н. ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – ЗАМАН ТАЛАБЫ……. 29
Жарасбаева Ж.Т. ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ШАГ В БУДУЩЕЕ…… 32
Кадралинова М.Т. К ВОПРОСУ О ВНЕДРЕНИИ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ В КАЗАХСТАНЕ…….. 35
Қанаш А.Д. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАЗ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ……... 39
Манабай Ә.М. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: БҮГІНІ ЖӘНЕ ЕРТЕҢІ…….. 43
Махамбетова Г.К. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ-ТІЛІМІЗ ҮШІН ЖАСАЛҒАНИГІ ҚАДАМ…… 44
Молдабекова Б.Ө. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫҢА КӨШІРУ……. 46
Муртазина А.Ж. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ : БҮГІНІ МНЕ ЕРТЕҢІ……..... 47
Мұханбетжанова Ж.М. ЛАТЫННЕГІЗДІ ӘЛІПБИ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІЛДІҢТІРЕГІ БОЛУЫ ТИІС!..... 50
Мырзашева М.А. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫНДА ЛАТЫНДЫ ТАҢДАДЫ……... 52
Нурмагамбетов Р.Г. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРОЕКТНОГО ОФИСА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» КОСТАНАЙСКОГО ФИЛИАЛА ФГБОУ ВО «ЧелГУ» В РЕАЛИЗАЦИИ ЗАДАЧ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н.А. НАЗАРБАЕВА ПО ПОЭТАПНОМУ ПЕРЕХОДУ НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ…….. 55
Нұрмұхаметова Қ.Т. ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ……... 58
Нұрмағамбетова З.К. ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУДІҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ……. 61
Смагулова Ж.К. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ: БҮГІНІ ЕРТЕҢІ..... 64

Сулейменова М.Е. ОСОБЕННОСТИ ВНЕДРЕНИЯ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ……... 68
Тоқсан Ж.Е. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЛАБЫ..... 71
Тоты Ә.А. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ МАҢЫЗДЫ..... 76
Тулекеева С.А., Қазымова Ж.С. БАБАЛАР ЖАЗУЫ БІЗДІҢ ӨҢІРДЕ..... 79

“Қазақ жазуы: бүгіні мен ертеңі”
ғылыми-теориялық конференциясы

“Qazaq jazýy: búgini men erteńi”
ǵylymı-teorıalyq konferensıasy

Формат 60x84 1/16
Бумага офисная.
Печать офсетная
5,125 усл. печ. л.
Тираж 100 экз.

Отпечатано: ТОО «New Line Media»
г. Костанай, пр. Аль-Фараби, 115, оф. 512
тел.: 8(7142) 53-11-47, 53-06-71
e-mail: geosprint@mail.ru